

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1639. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 485 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 485 бұйрығымен.

Үзінді:

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығының(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1639 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 33, 495-құжат)күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2
3
4

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес реттеу және ретке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі **Нұсқаулық** бекітілсін.

2. Ішкіісминінің Департаменттері мен дербес басқармаларының, Мамандандырылған күзет қызметі республикалық бас басқармасының, Астана,

Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД бастықтары осы Нұсқаулықты басшылыққа алсын және оны бұлжытпай орындауды қамтамасыз етсін.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен, 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының жеке құрамы осы бұйрықпен таныстырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуы Қазақстан Республикасының жетекшілік ететін Ішкі істер вице-министріне жүктелсін.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155, 2006 жылғы 12 қыркүйектегі N 444 бұйрығымен.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Ішкі әскерлер қолбасшысы

генерал-майор

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2001 жылғы 20 маусымында
N 486 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту: Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы ПББ, ПБ", "Астана қаласының, облыстардағы ПББ-ПБ", "Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы ПББ, ПБ", "облыстардағы ПББ, ПБ және КПББ", "Астана, Алматы қалаларындағы, облыстардың ПББ, ПБ, КПББ", "Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы ПББ-ПБ", "ПББ-ПБ" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД" сөздермен ауыстырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының (лауазымды адамдардың) құқық қолдану қызметін олардың құзыреті шегінде реттейді.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама адам мен азаматтың құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитарлық-эпидемиялық әл-ауқатын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғауды, сондай-ақ олардың жасалуын болдырмауды міндет тұтады.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдар заң алдында тең және шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіл мен ұлтына, нанымына, жынысына, тіліне, дінге көзқарасына, жұмысының сипатына, тұрған жеріне, қоғамдық бірлестіктерге тиесілілігіне, сондай-ақ кез-келген өзгедей жағдаяттарға қарамастан әкімшілік жауаптылықта болады.

4. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жеке адам, оның кінәсі Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденбейінше және өз өкілеттігі шегінде істі қараған судьяның, органның (лауазымды адамның) заңды күшіне енген қаулысымен анықталмайынша, кінәсіз деп есептеледі. Ешкім өз кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Кінәлілікте кез келген күдіктер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамның пайдасына түсіндіріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолдану кезінде туындайтын күдіктер де оның пайдасына шешілуі тиіс.

Соған байланысты кінәсі дәлелденген құқық бұзушылықтар үшін ғана жеке адам әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5. Ешкім де Кодекспен белгіленген негіздерден және тәртіптен өзгеше әкімшілік тұрғыдан ұстауға, ішкі істер органына (полицияға) келтірілуге, жеткізілуге, жеке өзін тінтуге және оның алып жүрген заттарын тінтуге ұшырамауы тиіс.

6. Тұтқындау әкімшілік жазалау шарасы ретінде сот қаулысы бойынша Кодекспен белгіленген жағдайларда және тәртіпте ғана қолданылады.

7. Алып келуге тартылған Ішкі істер органына (полицияға) келтірілген, жеткізілген әрбір ұсталушы адамға тез арада ұстаудың, келтірілудің, жеткізілудің негіздемесі, сондай-ақ жасалынуы оған таңылған әкімшілік құқық бұзушылықтың заңгерлік біліктелуі дереу хабарланады.

8. Ішкі істер органы (лауазымды адам) заңсыз ұсталған, келтірілуге, жеткізілуге ұшыраған немесе тұтқындауда сот қаулысымен көзделген мерзімнен артық болған адамды тез арада босатуға міндетті.

9. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысушылардың ешқайсысы зорлыққа, қатыгездікке немесе адамның намысын қорлайтын әрекетке ұшырамауы тиіс.

10. Әкімшілік жазалау шарасы ретінде тұтқындау таңдап алынған адамды, сондай-ақ әкімшілік ұстауға ұшыраған адамды ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төнбейтін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізу кезінде іске қатысушы адамның арын қорлайтын немесе намысын кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сол сияқты ол құпия сақтауды қажет деп есептейтін жеке сипаттағы мәліметтерді осы Кодексте көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді.

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізу барысында ішкі істер органдарының лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттерімен адамға келтірген моральдық залал Кодекстің 682-бабында белгіленген тәртіппен өтелуге жатады.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

13. Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасы құпиясы заңның қорғауында болады. Әркім жеке салымдар мен сақтаулар, хат алмасу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге хабарлар құпиясына құқылы. Осы құқықтарды әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу барысында шектеуге Кодекстің 618-бабында белгіленген жағдайлар мен тәртіпте жол беріледі.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

14. Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Сот шешімімен болмаса, ешкім де өз мүлкінен айырылуға тиіс емес.

15. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

15-1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарауға өкілетті ішкі істер органдарының лауазымды адамдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда қаралып жатқан іс бойынша оны жүргізу тілін белгілейді.

Ескерту: 15-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен , 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

16. Іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті дәрежеде білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе өзі білетін тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен айғақтар беру, өтініштер жасау, шағым беру, істің

материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

17. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға істің басқа тілде жазылған олар үшін қажетті заң күші бар байланысты қажетті іс материалдарын іс жүргізілетін тілге тегін аударып беру қамтамасыз етіледі.

18. Құқық бұзушы мен жәбірленушіге тапсырылуға тиісті іс жүргізу құжаттары олардың ана тіліне немесе олар білетін тілге аударылып берілуге тиіс. Аударма және аудармашының қызметі жөніндегі шығыстар мемлекеттік бюджеттің есебінен төленеді.

19. Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздерінің уағыздарына сенген адамдарға қарсы куәгер болуға міндетті емес. Аталған адамдар айғақ беруден бас тартуға құқылы және олар үшін қандай да болмасын жауаптылыққа тартылмауы тиіс.

20. Әркімнің әкімшілік іс жүргізу барысында заңға сәйкес білікті заңгерлік көмек алуға құқығы бар. Заңмен көзделген жағдайларда заңгерлік көмек тегін көрсетіледі.

21. Әкімшілік жауапкершілікке әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған жеке қабілетті тұлға адам мен заңды тұлға жатады.

22. Заңды тұлға Кодекстің негізгі бөлімінің II тарауында тікелей көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады. Бұл ретте ол егер әрекетті басқару заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын орган немесе адам жасаған, санкциялаған, мақұлдаған болса жауапкершілікке тартылады.

23. Әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік іс жүргізу бойынша құжаттарындағы сілтемені тек Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің нормаларына жүргізеді.

24. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі істер органдары туралы" Заң күші бар Жарлығына сай ішкі істер органдары қызметкерлері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында атқаратын лауазымына және ішкі ведомстволық бағынысына, уақытқа қарамастан, оларға азаматтар мен лауазымды адамдар құқық бұзушылық болғаны туралы өтініш жасаған не хабарласқан жағдайда, не мұндайды өзі байқаған жағдайда, құқық бұзушылықтың алдын алу және құқық бұзушыларды ұстау, мұны қажет еткендерге көмек көрсету, оқиға болған жерді күзету, сондай-ақ таяудағы ішкі істер органына хабар беру үшін өздеріне берілген құқықтарды барынша толығымен пайдалануға міндетті.

Азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттері "Заң атымен" деген сөздермен бірге орындалады. Мұндай жағдайда әрбір адам белсенді әрекетті тоқтатуға, ішкі істер органдары қызметкерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерді атқарумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

2. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі

25. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған, Кодекстің күші қолданылатын адамдар кәмелетке толмағандар деп танылады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағанға әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпал етудің келесі мәжбүрлік шаралары қолданылуы мүмкін:

1) заңды түсіндіру;

2) ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың, не мамандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

3) келтірген зиянды реттестіру міндетін жүктеу;

4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмағанның мінезқұлқына ерекше талаптар белгілеу.

26. Кәмелетке толмағанға салынатын әкімшілік айыппұл мөлшері Кодекстің ерекше бөлігінің бабында көзделген айыппұл мөлшеріне қарамастан айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмауы және он есептік көрсеткіштен аспауы тиіс. Айыппұл Кодекстің 73-бабында көзделген тәртіппен төленеді.

Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен.

27. 2000 жылдың 17 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің N 400 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция учаскелік инспекторларының жұмысын ұйымдастыру туралы ережесі" бойынша өзге де тәрбиелік шаралары көзделуі мүмкін.

28. Кәмелетке толмағандарға бір мезгілде тәрбиелік ықпал етудің бірнеше шаралары тағайындалуы мүмкін.

29. Осы Кодекстің 69-бабымен қарастырылған ұзақтық мерзімі кәмелетке толмағанды әкімшілік жауаптылықтан немесе әкімшілік жазаны өтеуден босатқан кезде жартылай қысқартылады.

30. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған кәмелетке толмаған адам әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап алты айдың ішінде осындай жазаға ұшырады деп есептеледі.

3. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу

31. Іс жүргізуді болдырмайтын төмендегі мән-жайлардың кез келген біреуі болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу басталмауы мүмкін, ал басталған іс қысқартылуы тиіс:

1) әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болмауы (Кодексте көзделмеген әрекеттің жасалуы);

2) әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы (әкімшілік құқық бұзушылықтың бір не бірнеше белгілерінің болмауы), оның ішінде жеке адамның құқық бұзушылық жасаған кезде әкімшілік жауапқа тарту үшін Кодексте көзделген жасқа толмауы немесе құқыққа қарсы әрекет жасаған жеке адамның ақыл-есінің дұрыс болмауы;

3) әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің жойылуы;

4) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін заңды немесе оның кейбір ережелерін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп тануы салдарынан олардың күшінің жойылуы;

5) әкімшілік жауапкершілікке тартудың ескілік мерзімінің өтуі;

6) әкімшілік жауапкершілікке тартылатын адамға қатысты сол факт бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы судьяның, ішкі істер органы (лауазымды адамы) қаулысының не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қысқартылуы туралы жойылмаған қаулының болуы, сондай-ақ сол факт бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулының болуы;

7) оған қатысты іс жүргізіліп жатқан жеке адамның қайтыс болуы.

4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері

32. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке (заңды) тұлғаның заңды өкілдері, қорғаушы, куәгер, куә, маман, сарапшы, прокурор, аудармашы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар болып табылады.

33. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қатысуымен қарастырылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға белгіленген үлгідегі хабарландыру жіберіледі (20-қосымша). Көрсетілген адам болмаған жағдайда іс тек істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспегенде ғана қаралуы мүмкін.

Ескерту: 33-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

34. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған адам және куә іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс болатын ішкі істер органының (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда олар ішкі істер органы (лауазымды адамы) ұйғарымының негізінде ішкі істер органының (полицияның) күштеп алып келуіне тартылуы мүмкін.

35. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушінің қатысуымен қаралады. Ол болмаған жағдайда іс тек істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген жағдайларда ғана қаралуы мүмкін.

36. Кодекстің 594-бабында көзделген тәртіппен жәбірленушіден куә ретінде жауап алынуы мүмкін. Егер жәбірленуші заңды тұлға болса, оның заңды өкілінен куә ретінде жауап алынуы мүмкін.

37. Кәмелетке толмаған не денсаулығына немесе психикалық жай-күйіне байланысты өз құқықтарын дербес жүзеге асыру мүмкіндігінен айрылған өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан жеке адамның немесе жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері жүзеге асырады.

38. Жеке адамның ата-анасы, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары және олардың қорғанында немесе асырауында болатын өзге де адамдардың заңды өкілдері болып табылады.

39. Жеке адамның заңды өкілдері болып табылатын адамдардың туысқандық байланыстары немесе тиісті өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттармен (жеке куәлігі, баланың тууы туралы куәлік , соттың бала асырап алу туралы шешімі, қорғаншылық пен қамқоршылық органының қорғаншы немесе қамқоршы ретінде тағайындау туралы шешімі) куәландырылады.

40. Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде оның заңды өкілінің қатысуы міндетті. Кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі келуден жалтарған жағдайда оған қатысты ішкі істер органының (полицияның) күштеп алып келуі қолданылуы мүмкін.

41. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қорғаушының қатысуы мынадай жағдайларда міндетті болады:

- 1) әкімшілік жауапқа тартылушы адам ол туралы өтініш жасаса;
- 2) әкімшілік жауапқа тартылушы адам денсаулығына байланысты немесе психикалық кемістіктері салдарынан өзінің қорғану құқығын дербес жүзеге асыра алмайтын болса ;
- 3) әкімшілік жауапқа тартылушы адам іс жүргізіліп отырған тілді білмесе;

4) істің материалдарында әкімшілік жауапқа тартылушы адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары белгіленуі мүмкін деп болжамайтын деректер болса.

42. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам іс бойынша істің кез келген сәтінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы, бұл оның өзін қорғауды дербес жүзеге асыра алатындығын білдіреді. Заң көмегіне төлем жасауға қаражатының болмауына байланысты қорғаушыдан бас тарту қабылданбайды. Бас тарту жазбаша түрде ресімделінеді.

43. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша куә ретінде осы іс үшін маңызы бар мән-жайларды білетін кез келген адам шақырылуы мүмкін.

4 4 . К у ә :

1) өзіне, жұбайына (зайыбына) немесе жақын туысқандарына қарсы айғақ беруден бас тартуға;

2) өзі берген айғақтардың тиісті хаттамаға енгізілуінің дұрыстығы жөнінде мәлімдемелер мен ескертулер жасауға;

3) істі қарау кезінде ана тілінде сөйлеуге;

4) аудармашының көмегін тегін пайдалануға құқылы.

45. Куә әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) айғақтар беруден жалтарғаны немесе одан бас тартқаны, көрінеу жалған айғақтар бергені үшін әкімшілік жауапкершілік туралы және сотта осы әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескертіледі.

46. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмаған куәдан жауап алу кезінде педагогтың немесе психологтың қатысуы міндетті. Қажет болған жағдайда жауап алу мұндай куәның заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

47. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысуға айғақтарды жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды пайдалануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі мен дағдылары бар, істің қорытындысына мүдделі емес кез келген кәмелетке толған адам тағайындалуы мүмкін.

48. Сарапшы ретінде арнаулы ғылыми білімі бар, іске мүдделі емес адам шақырылуы мүмкін. Сараптама жасау тапсырылуы мүмкін адамға қойылатын өзге де талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Сарапшы ретіндегі адам өзінің арнаулы білімінің шегінен шығатын мәселелер бойынша, сондай-ақ ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болса, қорытынды жасаудан бас тартуға, істің сараптамалық мәніне қатысты материалдарымен танысуға және өзіне қорытынды жасауға қажетті қосымша материалдарды ұсыну туралы өтініш жасауға құқылы.

5. Айғақтар және дәлелдеу

49. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер болып іс жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бар судья немесе орган (лауазымды адам), Кодекспен белгіленген тәртіппен кез келген фактілі деректер негізінде әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының барын немесе жоғын, әкімшілік жауапқа тартылған жеке адамның кінәлілігін, сондай-ақ істі дұрыс шешуде маңызы бар өзге жағдайларды белгілейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша айғақтарға:

- 1) әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның түсініктемесі;
- 2) жәбірленушінің, куәнің жауабы, сарапшының қорытындысы;
- 3) заттай айғақтар;
- 4) өзге де құжаттар;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және Кодексте көзделген хаттамалар жатады;
- 6) метрологиялық тексеруден өткен құқық бұзушылықты қадағалаудың және бекітудің сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен приборларының көрсеткіштері;
- 7) фото және бейнеаппаратураны пайдалану нәтижесінде алынған деректер.

Ескерту: 49-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

50. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болуы;
- 2) Кодексте әкімшілік жауапкершілік көзделген құқыққа қайшы әрекет жасаған адам;
- 3) жеке адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлілігі;
- 4) әкімшілік жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын мәнжайлар;
- 5) алынып тасталды ;
- 6) әкімшілік жауапкершіліктен босатуға әкелетін мән-жайлар;
- 7) әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар дәлелденуі тиіс .

Ескерту: 50-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

51. Сараптаманы іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшы жүргізетін арнаулы ғылыми білімдер негізінде істің материалдарын зерттеу нәтижесінде алынуы мүмкін болғанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан ішкі істер органы (лауазымды адам) тағайындайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан орган (лауазымды адам) сараптаманы тағайындау

туралы ұйғарым шығарады (21-қосымша).

Ескерту: 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қабылдау

52. Әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауда сезікті адамды анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде толтыру мүмкін болмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру, істің уақытылы және дұрыс қаралуын және іс бойынша қабылданған қаулының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ішкі істер органдарының уәкілетті лауазымды адамы өз құзыреті шегінде жеке адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шаралар қабылдауға :

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізуге;
- 2) жеке адамды әкімшілік түрде ұстауға;
- 3) күштеп алып келуге;
- 4) жеке тексеру және көлік құралын, шағын көлемді кемені және заттарды тексеріп шығуға ;
- 5) құжаттар мен заттарды алып қоюға;
- 6) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені жүргізуден шеттеуге және оның алкогольден, есірткіден, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан мас болуын куәландыруға ;
- 7) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені ұстауға құқылы;
- 8) жүргізуші куәлігін алып қою;
- 9) тірі адамдарды, оның өзімен бірге болған заттарын, құжаттарды, табылған іздерді, материалдық бағалы заттарды және болған жерді тексеруге құқылы.

Ескерту: 52-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 43 бұйрығымен , 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

53. Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру міндетті болып, оны сол жерде толтыру мүмкін болмаса, хаттаманы толтыру мақсатында жеке адамды жеткізу, яғни мәжбүрлеп алып жүру жеке адам Кодекстің 619-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағанда жүргізіледі.

54. Әкімшілік ұстауды, яғни жеке адамды жеке бас бостандығынан, атап айтқанда, оның құқыққа қарсы әрекеттерінің шолып кесу мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнайы орында мәжбүрлеп ұстау арқылы іс-әрекет жасау және жүріп-тұру бостандығынан уақытша айыруды ішкі істер органдары (полиция)

Кодекстің 620-бабындағы 1 тармақта көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған кезде жүргізеді.

55. Әкімшілік ұстау туралы хаттама толтырылады және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның болатын жері туралы түпнұсқалары, жұмыс немесе оқу орнындағы әкімшілік, сондай-ақ қорғаушысы хабардар етіледі. Кәмелетке толмаған адамның ұсталуы туралы оның ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға міндетті түрде хабарландырылады. Әкімшілік ұстау үш сағаттан көп созылмайды, ал төтенше жағдайда тәртіп бұзғандарды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал құжаттары жоқ адамдарды - олардың кім екендігі анықталғанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа ұ с т а й а л а д ы .

Әкімшілік ұстау қолданылған адамдар санитарлық талаптарға жауап беретін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігін болдырмайтын арнайы бөлінген үй-жайларда ұсталады.

56. Өзіне қатысты әкімшілік жазалау шараларының бірі ретінде әкімшілік тұтқындауға әкеліп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа әкімшілік ұстауға тартылуы мүмкін .

57. Әкімшілік ұстаудың мерзімі жеке адам ішкі істер органына жеткізілген сәттен, ал мас болса - оны медициналық қызметкер айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі.

58. Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру қажет болған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не оның тікелей объектілерін табу мақсатында жүргізіледі.

59. Жеке адамда өзін қоршағандардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге де заттар бар екендігіне негіздер болған ерекше жағдайларда жеке басын тексеру, заттарын тексеру ол туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарлау арқылы куәгерлерсіз жүргізілуі мүмкін.

60. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде және тергеу изоляторлары (ТИ) тексеруден жасырын кез келген тәсілмен өткізу кезінде анықталған тыйым салынған заттар алып қойылады. Қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін емес алып қойылған заттар қайтарылу себептері түсіндіріле отырып, алып қойылған адамға қайтарылады. Алкогольдік ішімдіктерді, есенгірететін әрекеті бар дәрі-дәрмектер мен басқа заттарды, ақшаны, азық-түлікті аталған мекемелерде сақтауға және пайдалануға тыйым салынған бұйымдар мен басқа да заттарды тексеруден жасырын өткізу немесе кез келген тәсілмен беру әрекеттері

анықталған жағдайда жеке тексеру, заттарды тексеріп шығу (оларды жүргізу кезінде) хаттамасы, сондай-ақ әрқайсысы екі данада жазылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылады. Хаттаманың екеуі де әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі анықталғаннан кейін дереу толтырылады.

Ескерту: 60-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

61. Жедел-басшы құрам адамдары УҰИ жағдайларында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етуге шаралар қабылдауға уәкілетті лауазымды адамдар болып табылады. Көрсетілген адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін бастапқы материалдар жинауды дереу жүзеге асырады.

Көрсетілген лауазымды адамдар үш сағат ішінде құқық бұзушыны және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жиналған материалдармен бірге аумақтық ішкі істер органына жеткізеді, сол жерде оларды көрсетілген құжаттармен қоса рапорт бойынша ішкі істер органының кезекшісіне материалдарды одан әрі қарау және әкімшілік құқық бұзушылық бойынша шешім қабылдау үшін тапсырады.

Ескерту: 61-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

62. Жеке адамды тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру туралы хаттама жасалады. Жеке адамды тексеру туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға, оның заңды өкіліне тапсырылады.

63. Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сақталады немесе белгіленген тәртіппен жойылады. Алып қойылған заттар мен құжаттар туралы хаттама жасалады, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға тапсырылады.

63-1. Кодекстің 627-2-бабында көзделген тәртіппен қажеттілік туындаған жағдайда тексеру, әдетте, дереу жүргізіледі.

Ескерту: 63-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

64. Оның мас екендігіне жеткілікті негіздер болатын көлік құралын жүргізуші адам көлік құралын жүргізуден шеттетілуі және мас екендігін куәландырылуы тиіс.

65. Көлік құралын жүргізуден шеттетуді, мас екендігін куәландыруды және медициналық куәландыруға жіберуді жол полициясының лауазымды адамдары жүргізеді.

Оның мас екендігіне жеткілікті негіздер болатын жүргізушіні көлік құралын жүргізуден шеттетуге жол полициясының лауазымды адамдарымен қатар

полицияның учаскелік инспекторлары, сонымен қатар, ішкі істер органдарының басқа да қызметкерлері құқылы, олар бұл жағдайда тәртіп бұзушылық фактісін құжат арқылы бекітіп, жүргізушіні және көлік құралын таяу жердегі ішкі істер органына жеткізу жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Ескерту: 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

66. Мас екендігін куәландыруға жіберу және оның нәтижелерін ресімдеу "Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 528 қаулысында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Ескерту: 66-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

67. Көлік құралын жүргізуден шеттету туралы, сондай-ақ мас екендігін куәландыру үшін жіберу туралы әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасына белгі жасалады.

6 7 - 1 - 6 7 - 3 . < * >

Ескерту: 67-1-67-3-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

68. Мас екендігін куәландыратын акт тиісті хаттамаға қоса беріледі.

69. Кодекстің 283-285 , 287, 289, 297 , 298, 298- 1, 302-306 , 447 , 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451 , 453, 457, 460 , 461, 463 (екінші және үшінші бөлігі), 467-469, 470 (бірінші және екінші бөліктер), 471-баптарында аталған тәртіп бұзу жасалған жағдайда осы бұйрықтың 70-тармағында аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептері жойылғанға дейін оларды арнайы алаңға немесе тұраққа жеткізу жолымен, соның ішінде басқа көлік құралын (эвакуатор), шағын көлемді кемені пайдалану немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін шешу арқылы көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Ескерту: 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 , өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2007.08.13. N 332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

69-1. Көлік құралын уақытша сақтау үшін арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға жеткізілуі (эвакуация) мына жағдайларда да қолданылады, егер де көлік құралдарының жүргізушілері тоқтау немесе тұрақтау тәртібін бұзып өздері болмаса, сонымен қатар жүргізушілермен жолда қалдырған көлік құралдарын, егерде олардың орналасуын анықтау мүмкіндігі болмаса. Ұсталған көлік құралы, шағын көлемді кеме арнайы тұраққа басқа жерде жүретін көлік құралының

көмегімен (эвакуатор), немесе басқа кемеге тіркеу арқылы жеткізілуі мүмкін. Көлік құралын жеткізуді (эвакуациялауды) жүзеге асыратын жол полициясы қызметкерімен көлік құралының иесін анықтау, соның ішінде жақын маңайда орналасқан көпшілік баратын орындарды (дүкендер, кинотеатрлар, базарлар және тағы басқалар) аралап шығу, сонымен қатар жақын жердегі үйлердің тұрғындарынан сұрау жүргізу бойынша жеткілікті шаралар алдын ала қ а б ы л д а н у ы к е р е к .

Ескерту: 69-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

69-2. Көлік құралын пайдалануға тыйым салуды жүргізушілермен көлік құралдарын оларды пайдалануға тыйым салынған ақаулармен, немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған, немесе көлік құралына тіркеу құжаттары болмаған жағдайда, немесе мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жоқ, не жасырын, жасанды немесе Мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейтін нөмірлік белгілермен басқарған жағдайларда жол полициясының уәкілетті лауазымды адамымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту: 69-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен , 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.13. N 332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

70. Көлік құралын ұстауды жол полициясының лауазымды адамдары ж ү р г і з е д і .

Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және тыйым салу туралы белгіленген нысандағы акт толтырылып әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға т і г і л е д і (22-қосымша).

Ұсталған көлік құралын, шағын көлемді кемені сақтау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған және коммуналдық меншік болып табылатын арнайы алаңдарда немесе тұрақтарда жүзеге асырылады.

Ескерту: 70-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

7 0 - 1 . < * >

Ескерту: 70-1-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 12 қыркүйектегі N 444 бұйрығымен .

70-2. Кодекстің 618-бабын қолданған кезде алынған жүргізуші куәлігінің орнына жүргізушіге нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша куәлік беріледі. Мұндай жағдайда Кодекстің 628-бабының талаптары сақталуы к е р е к .

Ескерту: 70-2-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 12 қыркүйектегі N 444 бұйрығымен .

70-3. Жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлік уәкілетті органның мөрі бар болғанда берілген күннен бастап 15 күн ішінде жарамды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысымен бекітілген Жол қозғалысы ережесін (бұдан әрі - ЖҚЕ) әкімшілік бұзушылық туралы хаттаманың "Жүргізуші куәлігі" деген бағанда бұзушы көрсетілген куәлікті алған кезде қасына қолын қоюы тиіс "жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлікті алдым" деген жазба жасалады.

Ескерту: 70-3-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен , 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

70-4. Көлік құралын жүргізу құқығынан айыру туралы қаулы шыққан жағдайда жүргізуші куәлігі қайтарылмайды, ал орнына берілген куәлік қаулы заң күшіне енгеннен кейін алынады. Айыппұл салу туралы қаулы шыққан жағдайда жүргізуші куәлігі жүргізушіге оған салынған жаза төлегеннен кейін қайтарылады , ол орнына берілген куәлік алынады және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске тігіледі, ол туралы ЖҚЕ-ні әкімшілік бұзу туралы хаттамада белгі қойылады және жүргізуші куәлігін алған адамның қолы қойылады.

Ескерту: 70-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

70-5. Қолында жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлігі бар жүргізуші ЖҚЕ-ні бұзушылықты жасаған жағдайда жаңа куәліктің жарамдылық мерзімі бұрын берілген куәліктің мерзімімен шектеледі. Жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәліктің жарамдылық мерзімі:

1) жол полициясы аумақтық бөлімшесінің бастығы немесе оның орынбасары адамның әкімшілік құқық бұзушының істі қаралу, келіп жетуіне жеткілікті уақытқа (ұдайы тұрғылықты немесе көлік құралын есепке алу);

2) жол полициясы аумақтық бөлімшесінің бастығы немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауында жатқан оның орынбасары не болмаса ЖҚЕ-ні бұзушылық жасалған жері бойынша жол полициясы аумақтық бөлімшесінің бастығы немесе оның орынбасары 1 айға ұзартылады.

Жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәліктің жарамдылық мерзімін ұзарту міндетті түрде жол полициясы бөлімшесінің не болмаса аудандық ішкі істер бөлімінің мөрімен расталады.

Ескерту: 70-5-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен , 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

70-6. Қолында жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлігі бар, яғни бұрын ЖҚЕ-ні бұзған жүргізуші жол қозғалысы ережесін бұзған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа істі қарауға келгенде бұрын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жіберген сот органы тағайындалады.

Ескерту: 70-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

70-7. Жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлікті жоғалтып алған кезде, оның телқұжаты беріледі. Телқұжатты алу үшін жүргізуші бұзушылық жасаған адам жері бойынша жол полициясы бөлімшесіне жазбаша түрде өтініш жасайды.;

Жол полициясының лауазымды адамы жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәлікті жоғалту фактісі бойынша азаматтардың өтініштерін қарауын заңнамада белгіленген мерзімінде тексеріс жүргізеді, содан кейін қажетті құжаттарды талап етеді және телқұжатты беру туралы ұйғарым шығарады. Жол полициясы бөлімшесінің бастығы немесе орынбасары ұйғарымға қол қояды, материалдар белгіленген тәртіппен жеке папкада сақталуы тиіс. Телқұжат ұйғарым шығарылғаннан кейін "Телқұжат" деген белгі қойылатын куәліктің жаңа бланкісін толтыру жолымен беріледі. Қаулының пайдаланылмаған бланкісіне тиісті белгі қойылады. Қаулы мен хаттаманың бланкісі ұйғарымның материалына тігіледі.

Жүргізуші куәлігінің орнына берілген куәліктің жарамдылық мерзімі аяқталысымен ол жарамсыз болып есептеледі, ол осыған байланысты алынады және Кодекстің 470-бабының 1-бөлімі бойынша көрсетілген іс-әрекеттерді жіктей отырып жарамсыз куәлікпен көлік құралын жүргізген адамға қатысты қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске тігіледі.

Ескерту: 70-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

70-8. Жүргізуші куәлігі алынбаған жағдайларда қаулы шығарылған кезде куәліктің бланкісі тиісті белгі қою жолымен өтеледі.

Ескерту: 70-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

70-9. Ұсталған көлік құралын арнайы тұрақтарға немесе алаңдарға жеткізгеннен кейін сақтаушы көлік құралын, шағын көлемді кемені қабылдау - тапсыру актісін (23-қосымша) көлік құралының, шағын көлемді кеме иесінің (көлік иесінің өкілі), ал ол болмаған жағдайда екі куәгердің, өкілетті лауазымдық тұлғаның қатысуымен үш данада құрастырады. Көлік құралын, шағын көлемді кемені қарау және тізімін алу сақтаушымен аталған тұлғалардың қатысуымен жүзеге асырылады .

Қабылдау - тапсыру актінің бірінші данасы құқық бұзушылыққа

құрастырылған әкімшілік хаттамасымен бірге өкілетті лауазымдық тұлғаның бөлімшесіне тапсырылады, екінші данасы көлік құралының, шағын көлемді кеменің иесіне (көлік иесінің өкіліне) беріледі, үшіншісі сақтаушыда қалады.

Ескерту: 70-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

70-10. Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептерінің жойылғандығына көзі жеткен уәкілетті лауазымды адам арнайы алаңға немесе тұраққа қойылған көлік құралын, шағын көлемді кемені иесіне қайтаруға рұқсат береді (24-қосымша) және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада немесе көлік құралының, шағын көлемді кеменің ұсталғаны жөніндегі хаттамаға тиісті ж а з у е н г і з е д і .

Ескерту: 70-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

70-11. Жүргізушісі, кеме жүргізушісі жоқ көлік құралдарының, шағын көлемді кемелердің ұсталғаны жөнінде аумақтық ішкі істер органының кезекші бөліміне дереу хабарланады. Ішкі істер органының оперативтік кезекшісі тәулік ішінде көлік иесіне (көлік иесінің өкіліне) көлік құралының, шағын көлемді кеменің ұсталғаны жөнінде хабарлайды, қажет болған жағдайда көлік құралының, шағын көлемді кеменің иесін (көлік иесінің өкілін) анықтау үшін қажетті шаралар қ о л д а н а д ы .

Ескерту: 70-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

71. Жүргізуші немесе көлік құралын жүргізуші өзге адам куәландырудан бас тартқан жағдайда екі куәнің қатысуымен ЖҚЕ-ны бұзғандығы туралы хаттама толтырылады, онда жүргізушінің немесе өзге адамның мас екендігіне негіздер және тәртіп бұзушының куәландырудан жалтарту әрекеттері көрсетіледі. Ол туралы жазба тәртіп бұзушылық баяндалатын бағанға жазылады.

7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау

72. Іс қозғау адамның әкімшілік теріс қылық жасауының салдары, сондай-ақ объектілерде ішкі істер органдары жүргізетін тексерулердің және әкімшілік жазалауды қолдануға негіз болып табылатын осындай тексерулер барысында кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтаудың салдары болуы мүмкін.

72-1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасалған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналады (2 5 - қ о с ы м ш а) .

Ескерту: 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

72-2. Кодекстің 9-1-тарауында, сонымен қатар 131 , 158 , 158-1 , 174 (үшінші бөлігінде) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы

істер жәбірленушінің арызынсыз қозғалмайды және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адаммен татуласуға байланысты қысқартылуы тиіс. Татуласу жәбірленуші мен құқық бұзушылық жасаған адам қол қойған жазбаша келісімнің негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту: 72-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

73. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның өз басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның заңды өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушылық анықталған кезден бастап үш тәулік ішінде жасалады.

73-1. Әкімшілік құқық бұзушылық жағдайын қосымша айқындау мерзімін жеке адамды анықтай алмау себебі бойынша созырып алу жағдайларында әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасалған фактісі бойынша үш тәуліктен аспайтын мерзімге толтырылады.

Ескерту: 73-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

73-2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама қарау үшін әкімшілік бұзушылық туралы істі қарауға уәкілдік берілген судьяға, органға (лауазымды адамға) үш тәулік ішінде жіберіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалу фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Ескерту: 73-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен , 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

73-3. Осы Кодекстің 580, 581-баптарында көзделген мән-жайлардың тым болмаса біреуі болған жағдайда істі жүргізіп жатқан лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қысқарту жөнінде қаулы шығарады.

Ескерту: 73-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

74. Жеке және заңды тұлғалардың хабарларын немесе арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарларды тексеру барысында азаматтардың іс-қимылында әкімшілік құқық бұзушылықты тікелей анықтау немесе айқындау жағдайында Кодекстің 38-43 баптарында белгіленген әкімшілік жауапкершіліктерді болдырмайтын жағдайлар болмағанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама көрсетілген жағдайларды тексеруді аяқтағаннан кейін тез арада толтырылады.

Ескерту: 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

74-1. Жеке адамды анықтамау себебі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, жасалған әкімшілік құқық бұзушылық фактісі бойынша Кодекстің 638-бабында белгіленген мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылады.

Құқық бұзушылық жасаған жеке адамды анықтағаннан кейін жасалған құқық бұзушылықты бекіту мақсатында жол полициясының лауазымды адамы іс бойынша ұйғарым шығарады, оның негізінде нақты кінәлі адамға нақты тәртіп бұзушылық бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылады. Алғашқы хаттама қалған құжаттармен бірге ведомстволық бағыныстылығы бойынша қарауға жіберіледі.

Ескерту: 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

74-2. Егер нақты деректер процеске қатысушылардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе қысым жасау жолымен алынса немесе процестің өзге де ережелерін бұза отырып алынған нақты деректердің дұрыстығына ықпал етіп немесе ықпал етуі мүмкін болып осы кодекстің талаптарын бұза отырып алынса, дәлелдемелер ретінде жол беруге болмайды деп танылуы тиіс .

Ескерту: 74-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

74-3. Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе оның заңды өкіліне, заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Аталған адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескерту жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту себебін баяндауға құқылы, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе оның заңды өкіліне, заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге оның өтініші бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін оның көшірмесі алған қолы қойылып, дереу тапсырылады.

Ескерту: 74-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

74-4. Көлік құралдарының жүргізушілерімен жыл ішінде жауапкершілігі Кодекстің 461 , 462, 463, 464, 465, 466, 468, 469, 470 және 471-баптарында көзделген жол қозғалысы ережелерін біреуден артық бұзған немесе жауапкершілігі Кодекстің 246 , 247, 461 , 468, 470 , 474, 475 және 483-баптарында көзделген көлік құралдарын пайдалану ережелерін екеу және одан көп бұзған жағдайларда әкімшілік іс қозғалады және осы бұйрықтың 72-1 және 73-2-баптарында белгіленген тәртіпте рәсімделеді.

Ескерту: 74-4-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер

министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен , 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

74-5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдар бойынша дәлелдеме ретінде метрологиялық тексеруден өткен құқық бұзушылықты қадағалаудың және бекітудің сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен приборларының, құқық бұзушылық фактісі мен оны жасаған адамның жеке басын шынайы анықтауға мүмкіндік беретін фото-бейне аппаратура деректері пайдаланылған жағдайда ол болмаса да әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

Ескерту: 74-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

75. Ескерту немесе мөлшері бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын айыппұл алу түріндегі әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған және тұлға (жеке адам, орган немесе заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын адам) құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды. Ескерту түріндегі жазаны (15-қосымша) оған уәкілетті лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ресімдейді. Айыппұл салу түріндегі жазаны қолдану кезінде қатаң қаржылық есептегі құжат болып табылатын белгіленген үлгідегі квитанцияны оған уәкілетті адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам қолданылған жазамен өзінің келісетінін ескертудің немесе төлем құжатының екінші данасына қол қоя отырып
р а с т а й д ы .

Ескерту: 75-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

7 6 . < * >

Ескерту: 76-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

77. Егер адам әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданған жазаға қарсы болса, бұл жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама
т о л т ы р ы л а д ы .

Егер тәртіп бұзушылықты бірнеше адам жасаған болса, хаттама әрбір құқық бұзушыға толтырылады.

78. Көлік құралдарының, жүктердің, жол құрылыстарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне, сонымен қатар, елеулі материалдық шығын әкеліп соққан ЖҚЕ-ны бұзу кезінде жол полициясының лауазымды адамдары хаттама толтырып, оған мынадай құжаттар қоса береді:

1) оқиғаның схемасы бар хаттамаға толықтыру (1-қосымша);

2) оқиғаға қатысушылар мен куәгерлердің түсініктемелері;

3) көлік құралдарының бүлінуі туралы анықтамаларды (2 қосымша) ЖКО материалдарын тіркегеннен кейін жол полициясы кезекші бөлімдерінің уәкілетті лауазымды адамдары көлік құралдарын жүргізушілерге береді.

Анықтама тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, жеке журналда тіркелуі және ЖКО-ға қатысушыға қол қою арқылы берілуі тиіс.

Ескерту: Оқиға схемасында оқиғаның көрінісі суреттеледі (тежеу іздері, ЖКО нәтижесіндегі көлік құралдары, заттарының және бөліктерінің жарқыншақтары мен шытынаулары); тән белгілері және оқиғаға қатысушылар мен куәгерлердің көрсетулері бойынша анықталатын қақтығыс болған нақты жер белгіленеді; көлік құралдарының оқиғадан кейін орналасқан қалпын анықтауға мүмкіндік беретін нақты мәліметтер (өлшемдер) көрсетіледі; жол қозғалысын ұйымдастырудағы техникалық құралдар (белгілер, өлшемдер, қоршаулар, бағдаршам объектілері және т.б.) белгіленеді. Көрсетілген объектілерді схемада бейнелеу стационарлық объектіге қатысты жолдың ұзындығы мен көлденеңі бойынша екі өлшеммен белгілеу арқылы жүргізіледі. Көлік құралдарының орналасуын бекіту көлік құралының кемінде екі негізгі нүктесі бойынша жүргізіледі. Жол белгілері мен өлшемдерін бейнелеу ЖҚЕ-ге сәйкес олардың цифрлық белгілері бойынша жүргізіледі.

Ескерту: 78-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

79. Схемаға оны толтырған лауазымды адам, жүргізушілер және куәгерлер қол қояды.

80. Жол полициясының уәкілетті лауазымды адамдары:

1) жол-көлік оқиғаларына қатысушыларға, не болмаса олардың өкілдеріне ЖҚЕ-ні бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін және оқиғаның схемаларын т е г і н б е р у г е ;

2) сақтандырушы өтініш жасаған кезде ішкі істер органдарының бөлімшесі басшысының қолы қойылған осы сақтандырушымен келісім-шарт жасасқан адамның қатысуымен болған ЖКО және оның салдарлары туралы (ЖКО-ның қысқаша мазмұны, қаза тапқан, жараланған адамдар туралы, ЖКО-ның салдарынан көлік құралының зақымдары туралы мәлімет) ақпаратты тегін ұ с ы н у ғ а ;

3) ЖКО кезінде адамдар қаза болған, олар ауыр дене жарақаттарын алған жағдайларда сақтандыру жағдайы басталғаны туралы (ЖКО) сақтандырушыға хабарлау мүмкіндіктері болмағанда жол полициясының бөлімше бастығының қолы қойылған осы ЖКО туралы (ЖКО-ның қысқаша мазмұны, қаза тапқан, жарақаттанғандар туралы, ЖКО-ның салдарынан көлік құралының зақымдары туралы мәліметтер) ақпаратты тиісті сақтандырушыға дереу жіберуге қажетті.

Ескерту: 80-тармақ жаңа редакцияда жазылады - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

81. Көрсетілген істерді ресімдеу қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылмастан әкімшілік тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту: 1) денсаулыққа жеңіл зиян (жеңіл дене жарақатын) келтірген ЖҚЕ бұзу туралы істерді ресімдеу ЖКО орнын және көлікті қарау хаттамасын ресімдеу арқылы Кодекс және осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен жүргізіледі;

2) "денсаулыққа жеңіл зиян (жеңіл дене жарақатын) келтіру" деген ұғымдарға түсінік беру ҚР ҚК-не сәйкес жүргізіледі: денсаулыққа жеңіл зиян келтіру - денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуы немесе жалпы еңбекке жарамдылықтан болар-болмас тұрақты айырылу;

3) денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығын дәл анықтау мүмкіндігі болмаған немесе дене жарақатын алған адамнан (не оның заңды өкілінен) жазбаша өтініш түскен жағдайда жол полициясының лауазымды адамы сот-медициналық сараптаманы тағайындайды, оның нәтижелері бойынша істің одан әрі шешілуі ҚР ҚІЖК-не сәйкес айқындалады.

Ескерту: 81-тармақтың ескертуі жаңа редакцияда жазылады - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен . Ескерту: 81-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

82. "Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жолдардан тыс жерлерде материалдық зиян келтірумен байланысты оқиғалар жасалған жағдайда әкімшілік іс қозғалмайды. Көрсетілген оқиғалар бойынша бастапқы материалдарды (түсініктемелер, сызбалар, фотосуреттер) жинау жүзеге асырылады, олар жеке баянатпен ішкі істер органдары бөлімшесінің басшылығына баяндалады және одан әрі әкімшілік практика бөлімшелерінде сақталады.

Ескерту: 82-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау

83. Лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға дайындық кезінде Кодекстің 643-бабын басшылыққа алады.

84. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер істі қарауға құқылы орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын алған күннен бастап он бес күн ішінде қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті лауазымды адамдар істерді қарайды және Кодекстің 541-бабында көрсетілген істерді қоспағанда әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолданады.

Ескерту: 84-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

85. Өтініштер келіп түскен және басқа да мән-жайлар туындаған жағдайларда істі қараушы орган (лауазымды адам) қарау мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспауы керек.

86. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, ішкі істер органы (лауазымды адам) мынадай:

- 1) әкімшілік жазаны қолдану туралы;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы;
- 3) істі осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін өзге де түрдегі немесе мөлшердей жазаны қолдануға құқылы судьяға, органға (лауазымды адамға) қарауға беру туралы, сондай-ақ Кодекстің 642-бабында көзделген жағдайларда істі көлік құралы есепте тұрған жерге қарауға беру туралы;
- 4) айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлік төлеттіру туралы шешім қабылдау үшін сотқа жіберу туралы;

Ескерту: Белгіленген жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртіптеріне сәйкес келмейтін көлік құралын жүргізгені үшін әкімшілік жаза салынған кезде ПО (лауазымды адам) көлік құралын техникалық байқау туралы актіні толтырады. Техникалық байқау актінің қорытындысында көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу себептері жойылғанға дейін оларды пайдалануға тыйым салу туралы шешім көрсетіледі. Акт әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса беріледі, ал оның көшірмесі хаттаманың және қаулының көшірмесімен бірге құқық бұзушыға беріледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың қысқаша мазмұнда көлік құралын пайдалануға тыйым салу туралы лауазымды адамның тиісті белгісі қойылады. Құқық бұзушы түсініктемеде хабарландыру туралы баяндалған құқық бұзушылықпен қатар көлік құралын пайдалануға тыйым салынғанын көрсетуі тиіс.

Көлік құралын пайдалануға тыйым салынғаннан кейін оны жүргізу фактісі анықталған жағдайда Кодекстің 461-бабының 3-бөлімі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалады.

Ескерту: 86-тармақ ескертумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен , 4) тармақша жаңа редакцияда жазылды- 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

8 6 - 1 . < * >

Ескерту: 86-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

87. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға (26-қосымша) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған лауазымды адам қол қояды және іс қаралып біткен соң дереу хабарлайды.

Ескерту: 87-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

87-1. Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әкімшілік жаза әр құқық бұзушылық үшін жеке-жеке қолданылады.

Ескерту: 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

88. Қаулының көшірмесі өздеріне қатысты шығарылған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ олардың өтініші бойынша жәбірленушіге, жеке адамның заңды өкіліне дереу тапсырылады. Көрсетілген адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі.

89. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы:

1) егер де оған қатысты шағым немесе наразылық білдірілмесе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін ;

2) Шағым, наразылық бойынша ұйғарым шығарылғаннан кейін, сондай-ақ Кодекстің 664-бабында көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін дереу заңды күшіне енеді.

89-1. Шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері жөніндегі шешімді әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға құқылы лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға(18-қосымша) шағым, наразылық жөнінде ұйғарым түрінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға құқылы лауазымды адам шығарады. Қаулыға шағым, наразылық жөніндегі ұйғарым шағымда, наразылықта (19-қосымша) баяндалған фактілерді тексеру нәтижелері бойынша қорытынды негізінде шығарылады. Қорытындыға шағымда, наразылықта баяндалған фактілер бойынша тексеру жүргізген лауазымды адам қол қояды және оны ішкі істер органының, жол полициясы бөлімшесінің басшысы бекітеді.

Ескерту: 89-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

90. Әкімшілік жаза қолдану құқығы берілген органдар (лауазымды адамдар) әскери қызметшілерге және әскери жиындарда болатын азаматтарға, прокурорларға, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, қаржы полициясы мен кеден органдары қызметкерлеріне әкімшілік жаза қолданудың орнына әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдарды кінәлілерді тәртіптік жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға жібере алады .

Осы санаттағы қызметшілердің әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілерін тексеру бұл лауазымды адам қызметте тұратын орган өкілінің міндетті түрде қатысуымен жүргізілуі тиіс.

91. Кодекстің 462 (екінші бөлігі), 463 (бірінші бөлігі), 468 (бірінші және үшінші бөліктері) баптарында көзделген құқық бұзушылықтарды қайталап жасаған көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі ережелерін білуін тексеру үшін емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін.

Көрсетілген әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы әкімшілік жаза қолдану ретінде де, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды Кодекстің 67, 68-баптарында көзделген негіздер бойынша әкімшілік жауапкершіліктен босату кезінде оның орнына қолданылуы мүмкін.

Жүргізушіні жол қозғалысы ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы шешімді ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінің (бөлімдерінің, басқармаларының, департаменттерінің) бастықтары және олардың орынбасарлары шығаруға құқылы. Мұндай жағдайларда жүргізушілерге белгіленген үлгідегі жолдама (27-қосымша) беріледі.

Ескерту: 91-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 бұйрығымен , 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

9. Қаулылардың орындалуы

92. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға жіберу қаулыны шығарған судьяға, ішкі істер органына (лауазымды адамға) жүктеледі. Қаулы оны орындауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) оның заңды күшіне енген күнінен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі. Арнайы құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы оларды орындайтын уәкілетті органдарға олар шығарылғаннан кейін дереу жіберіледі.

Адамның әкімшілік жазадан жалтаруы бұл жазаны заңнамаға сәйкес мәжбүрлеп орындатуға әкеліп соғады.

92-1. Кодекстің 461 - 472 , 476-баптарында көзделген ескерту, айыппұл салу, арнаулы құқықтан айыру түріндегі әкімшілік жаза қолдану кезінде ол жүргізуші куәлігіндегі талонға уәкілетті лауазымды тұлғамен ресімделеді және белгіленеді.

Ескерту: 92-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

93. Әкімшілік тұтқындау, арнайы құқығынан айыру немесе айыппұл салу түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының заңда көрсетілген мерзімде орындалуын болдырмайтын мән-жайлар туындаған кезде қаулы шығарған судья, ішкі істер органы (лауазымды адам) өзіне қатысты қаулы шығарылған адамның өтініші бойынша қаулының орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады. Әкімшілік жауапқа тартылған адамның материалдық жағдайы

ескеріле отырып, айыппұл төлеуді қаулы шығарған судья, ішкі істер органы (лауазымды адам) үш айға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

Ескерту: 93-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

94. Егер де әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде орындалмаған болса, ол орындалуға жатпайды.

95. Кодекстің 659-бабына сәйкес қаулының орындалуы тоқтатылған жағдайда ескілік мерзімінің ағымы шағым немесе наразылық қаралғанға дейін тоқтамға алынады.

96. Егер әкімшілік жауапқа тартылған адам оны орындаудан жалтарған болса, Кодекстің 703-бабының 1-тармағы көзделген ескілік мерзімінің ағымы тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескілік мерзімді есептеу бұл адам табылған күннен бастап қайта жалғасады.

97. Кодекстің 701-бабына сәйкес қаулының орындалуы кейінге қалдырылған жағдайда ескілік мерзімнің ағымы кейінге қалдыру мерзімі өткенге дейін тоқтамға алынады, ал қаулының орындалуы ұзартылған кезде ескілік мерзімінің ағымы кейінге қалдыру мерзіміне сәйкес ұзартылады.

98. Орындау жүргізілмеген немесе орындау толық жүргізілмеген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны оны орындаған ішкі істер органы Кодекстің 704-бабына сәйкес қаулы шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) қайтарады.

99. Кодекстің 703-бапта белгіленген мерзімдерден кешіктірмей айыппұл салу туралы қаулыны (3-қосымша) ерікті түрде орындау үшін әкімшілік жаза қолданған ішкі істер органы (лауазымды адам) оны Кодексте көзделген тәртіппен қ а р а у ү ш і н с о т қ а ж і б е р е д і .

Ескерту: 99-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

100. Судьяның тракторлардан, өзі жүретін машиналар және техниканың басқа түрлерінен басқа көлік құралдарын жүргізу құқығынан, аңшылық құқығынан, лицензиясынан, қарудан, оқ-дәрілерден, арнайы техникалық құралдар мен ақпаратты сақтаудың криптографиялық құралдардан айыру туралы қаулысын ішкі істер органдарының лауазымды адамдары орындайды.

101. Егер жүргізуші көлік құралдарының барлық түрлерін жүргізу құқығынан айрылған болса, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру туралы қаулыны орындау тиісінше жүргізуші куәлігін алып қою арқылы жүргізіледі.

Қару алып жүру және сақтау құқығынан айыру туралы қаулыны орындау тиісінше куәлік пен қаруды алып қою арқылы жүргізіледі.

Ескерту: 101-тармақтың 3-абзацы алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

102. Көлік құралдарын жүргізу құқығынан айрылған жүргізуші жүргізуші куәлігін өткізуден жалтарған жағдайда ішкі істер органдары Кодекстің 628-бабында белгіленген тәртіппен жүргізуші куәлігін алып қоюды жүргізеді.

Ескерту: 102-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

102-1. Көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған және жүргізуші куәліктерін көрсетпеген жүргізушілерге бақылау істері қозғалады, көрсетілген істерге жүргізу құқығынан айыру және куәлікті алу жөніндегі жұмыс туралы материалдар туралы қаулының көшірмелері тігіледі.

Ескерту: 102-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

103. Арнайы құқығынан айыру мерзімі өткеннен кейін әкімшілік жазаның осы түріне тартылған адамға алып қойылған құжаттар "Көлік құралдарын жүргізу құқығынан айрылған жүргізушілерге жүргізуші куәліктерін есепке алу, сақтау және беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 248 бұйрығында белгіленген тәртіппен қайтарлады .

Ескерту: 103-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

104. Жол қозғалысы ережелерін білуді тексеру туралы қаулыны Кодекстің 58-бабында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол полициясы органдары орындайды.

Ескерту: 104-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 463 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

105. Қазақстан Республикасынан шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолымен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды аумағына аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекет өкіметінің өкіліне ресми беру не Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасалына отырып, өз бетімен кетуі арқылы жүргізіледі.

106. Ішкі істер органдары Кодекстің 394 , 396 және 397 -баптарымен көзделген құқық бұзушылықтар жасалған кезде әкімшілік шығарып жіберу туралы қаулыны орындауды жүзеге асырады.

10. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу

107. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте және осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

108. Ішкі істер органдарының бөлімшелерінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді ішкі істер органдарының бөлімшесі бастығының (орынбасарының) басшылығымен және бақылауымен әкімшілік қызметті бақылау жөніндегі жауапты қызметкер жүргізеді.

109. Жол полициясы бөлімшелерінде ЖҚЕ-ны әкімшілік бұзу туралы істер бойынша іс жүргізуді ЖП бөлімшелері басшысының (орынбасарының) басшылығымен және бақылауымен әкімшілік тәжірибе бөлімдері (бөлімшелері, топтары) немесе осы міндеттер жүктелетін қызметкерлері жүргізеді.

110. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалардың, ЖҚЕ-ны бұзу туралы хаттамалардың, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың бланктері, адамдарды куәландыру актілері, қатаң есептегі құжаттар болып табылады. Оларды дайындау кезінде облыс шегінде олар бірыңғай нөмірленуі тиіс. Бланктердің сериясы осы облыс үшін белгіленген литерге сәйкес болуы керек.

Ескерту: 110-тармақ өзгертілді - Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 777 бұйрығымен .

111. Көрсетілген бланктерді алу, есепке алу, беру қатаң есептегі құжаттарды пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Олардың келіп түсуі мен берілуінің сандық есебі қатаң есептегі бланктердің кіріс, шығыс журналдарында (4 қосымша) жүргізіледі.

112. Пайдаланылған хаттамалардың, қаулылардың түбіртектері мен хаттамалардың, қаулылардың және куәліктердің бүлінген бланктері оларды алу мен беру үшін жауапты адамға тапсырылады, ол туралы журналға тиісті жазба ж а з ы л а д ы .

Ескерту: 112-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

113. Қатаң есептегі бланктерді алуға және беруге жауапты адам кемінде айына бір рет бланктердің бар саны мен дұрыс жұмсалуын тексереді. Баянаттың және оған қосымша берілген актінің салыстырма-тексеріс нәтижелері бұзушылық анықталған жағдайда тексеріс тағайындайтын және қажетті жағдайда тәртіптік іс жүргізуді қозғайтын ішкі істер органы бөлімшесінің (жол полициясы) б а с ш ы с ы н а б а я н д а л а д ы .

Ескерту: 113-тармақ өзгертілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

114. Хаттамалардағы, тоқтатқан жерде айыппұл салу туралы төлем құжатындағы, журналдардағы жазбалар көк (сия көк) немесе қара түсті сиямен (п а с т а м е н) т о л т ы р ы л а д ы .

Хаттамалар мен уақытша рұқсат қағаздарды толтыру кезінде қарастырылған барлық деректемелерді дәлме-дәл толтыру керек. "Тегі, аты-әкесінің аты" деген бағандар баспа әріптерімен толтырылады, хаттаманың "тәртіп бұзылған уақыт, орын" деген бағандарда стационарлық объектіге сілтеме жасау арқылы тәртіп бұзушылықтың нақты уақыты мен орны көрсетілуі тиіс. Мысалы: "... 2001 жылғы 20 наурызда 19 сағат 42 минутта Темірбаев көшесінің жұп есепті жағындағы N№66 үйдің жанында..."

Ескерту: 114-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

115. Егер тәртіп бұзушылықты анықтау және бекіту кезінде арнайы құқық бұзушылықты қадағалаудың және бекітудің техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен приборлары қолданылған болса, метрологиялық техникалық құралдардың атауы, нөмірі, датасы пайдаланылған арнайы көрсеткіштері көрсетіледі .

Ескерту: 115-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

116. Егер де хаттамада тәртіп бұзушының берген түсініктемесіне орын жеткіліксіз болса, түсініктемені хаттамаға қоса берілетін жеке парақта баяндауға болады.

117. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдар толтырылғаннан кейін бір тәулік ішінде тіркеуге жауапты адамға хаттама түбіршегінде қол қою арқылы беріледі, ол оларды әкімшілік іс жүргізуді есепке алу журналында (5 қ о с ы м ш а) т і р к е й д і .

Ескерту: ЖҚЕ-ны бұзу туралы хаттаманы және басқа материалдар дұрыс толтырылмаған жағдайларда, оларды жою мүмкіндігі болмаса олар тіркелгеннен кейін кемшіліктерді жою үшін хаттаманы толтырған адамға қайтарылады. Хаттамалардың және басқа материалдардың кемшіліктері олар алынған күннен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде жойылады және кемшіліктер жойылған күннен бастап бір тәулік ішінде қайта жіберіледі.

118. Басқа ішкі істер органдарынан келіп түскен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдар жеке журналда тіркеледі, оны әкімшілік қызметті бақылау жөніндегі жауапты қызметкер (жол полициясының әкімшілік тәжірибе жөніндегі инспекторы) жүргізеді.

119. Жол полициясының әкімшілік тәжірибе бөлімшелері немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді компьютерлік (автоматты) тіркеуге алу жөніндегі жұмыс белгіленген ішкі істер органдардағы құқық қолдану қызметі үшін жауапты адамдар есепке алу журналдарын жүргізбейді. Тиісті істерге тігілетін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді тіркеу, есепке алу және беру компьютерлік басылмасы (квест) бойынша жүргізіледі. Сот органдары

қарауының ведомстволығына бағыныстылығына жататын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы тіркелген істердің компьютерлік басылмасы Кодекстің баптары бойынша жеке істе қалыптасады.

Ішкі істер органдары қарауының ведомстволық бағыныстылығына жататын жол-көлік оқиғалар фактісі бойынша қозғалған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы тіркелген істердің компьютерлік басылмасы жеке істе қалыптасады.

Ескерту: Әкімшілік істерді есепке алудың компьютерлік (автоматтандырылған) бағдарламаларында міндетті түрде әкімшілік іс жүргізуді есепке алу журналында көзделген реквизиттер болуы тиіс.

Ескерту: 119-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

120. Әкімшілік іс жүргізуді есепке алу журналын тексеру әкімшілік істердің дұрыс толтырылуын, алынуын және жіберілуін тексеру арқылы жүргізіледі.

121. Бөлімше ішінде әкімшілік істер мен материалдар қоса берілетін құжаттармен бірге қызметкерден қызметкерге тарату кітабы (6 қосымша) бойынша қолхат арқылы беріледі.

122. Басқа бөлімшелерге әкімшілік істер мен материалдар қоса берілетін құжаттармен бірге тапсырмалы корреспонденциямен жіберіледі немесе тарату кітабы бойынша беріледі, ол туралы кітаптың 7-бағанында белгі қойылады. Әкімшілік істер мен материалдарды уақытында жіберу үшін жауапкершілігі ішкі істер органы бөлімшесінің басшысына жүктеледі.

123. Әкімшілік істерді Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша әкімшілік істерді қарауға (наразылық білдіруге) және шешуге құқылы, сондай-ақ заңнамамен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына не арнайы мемлекеттік органдарына жатқызылған ведомстволарынан басқа ведомстволарға жіберуге тыйым салынады. Әкімшілік істер көрсетілген ведомстволарға ішкі істер органы басшысының атына жіберілген жазбаша сұрау салулар болған кезде жіберіледі (беріледі).

Ескерту: Көрсетілген ведомстволарға әкімшілік істердің расталған ксерокөшірмелерін жіберу ұсынылады.

124. Әкімшілік қызметті бақылау жөніндегі жауапты қызметкер (ЖП-ның әкімшілік тәжірибе инспекторы) әкімшілік істер мен материалдарды алғаннан кейін ішкі істер органының басшысы (орынбасары) берген жазбаша нұсқауларына сәйкес:

1) әкімшілік істер жөніндегі құжаттарды жинақталған айғақтардың, құқық бұзушының жеке басы туралы мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы, іс материалдарын дәл ресімдеу жағынан талдайды және қажетті жағдайда қосымша мәліметтер жинауды жүргізеді;

2) әкімшілік істерді құқылы лауазымды адамға не органға осы Нұсқаулықта

көзделген мерзімде жіберу (беру) шараларын қабылдайды;

3) істі қарау кезінде олардың қатысуы қажет болатын адамдарды осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес адамдарды қабылдайды;

4) осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімдерде істі қарау шараларын қабылдайды;

5) әкімшілік істерді ішкі істер органының басшысына (орынбасарына) қарауға жібереді;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес және осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша шығарылған қаулыларды орындау жөніндегі шараларды қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің нормативтік кесімдерінде белгіленген мерзімдерде әкімшілік құқық бұзушылықтарды автоматтандырылған есепке алудың статистикалық нысандарының (ӘҚ-АІК) техникалық қызметі бөліміне шығаруды ұйымдастырады және жүргізеді;

Ескерту: Әкімшілік құқық бұзушылықтарды тіркеу мен есепке алудың автоматтандырылған нысандары жолға қойылған бөлімшелерде ӘҚ-АІК карточкаларын толтыру және шығару міндетті емес.

125. Әкімшілік істі 120-тармақта көрсетілген адамдардың дайындау кезінде 120-тармақта көрсетілген адамдардың құқық бұзушыға қатысты бір жылдың ішінде біртектес әкімшілік құқық бұзушылық қайта жасағандығы, ол үшін Кодекстің 66-бабында көзделген мерзімі өтпеген әкімшілік жазаға тартылғандығы тексеріледі. Тексеру туралы анықтама әкімшілік іске қоса тігіледі.

Ескерту: 125-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 12 қыркүйектегі N 444 бұйрығымен.

126. Қалалық, аудандық, желілік орган бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, жол полициясының әкімшілік тәжірибе бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) бастығы не осы міндеттер жүктелетін қызметкер:

1) осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қатаң есептегі бланкілердің бар-жоғын және дұрыс жұмсалуды бақылауды;

2) қалалық, аудандық, желілік органдар бөлімшелері қызметкерлерінің азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тартуының заңдылығы мен негізділігін бақылауды;

3) әкімшілік қызмет жөнінде іс жүргізудің дұрыстығын әкімшілік істер мен материалдардың уақытында тіркелуін, әкімшілік істер мен материалдардың дұрыс және негізді толтырылуы мен жүргізуін бақылауды;

4) ай сайын ішкі істер органдарында тіркелген құқық бұзушылықтарды жедел-техникалық қызметтердің деректер базасымен салыстыруды;

5) ай сайын қаржы және салық органдарындағы бюджетке түсетін айыппұл

сомаларын қалалық, аудандық, желілік органдар бөлімшелерінің есептік мәліметтерімен салыстыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

б) жол полициясы бөлімшелерінің деректерімен медициналық мекемелерге куәландырылуға жеткізілген адамдарды ай сайын салыстырып-тексеру. Көрсетілген функцияларды орындаудың нәтижелері туралы әкімшілік тәжірибе бөлімінің (бөлімшенің, топтың) бастығы не болмаса осы міндеттер жүктелген қызметкер салыстырып тексеру актісінің негізінде баянатпен бұзушылық анықталған жағдайда қосымша тексерісті белгілейтін және қажет болғанда тәртіптік іс жүргізуді қозғайтын ішкі істер органының (жол полициясының) басшысына баянатпен баяндайды.

Ескерту: 126-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

127. Көрсетілген функцияларды орындау нәтижелері туралы кемінде айына бір рет ішкі істер органының бастығына баяндайды.

Ескерту: Қалалық, аудандық, желілік органының қызметкерлері шығарған әкімшілік жаза қолдану туралы заңсыз қаулыларды қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының бөлімшесі бастығының ұсынысы бойынша ішкі істер органының бастығы (орынбасары) жояды, ол азаматтардың бұзылған құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдайды. Шағымды тексеру, наразылық білдіруді қарау нәтижелері бойынша ұйғарым шығарылады.

128. Ішкі істер органдары бөлімшелерінің әкімшілік қызмет мәселелері жөніндегі қызметін бақылау Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің ішкі істер органының ұйымдастыру-талдау жұмысы және әкімшілік қызметті бақылау жөніндегі бөлімдеріне (бөлімшелеріне, топтарына), жол полициясы бөлімшелерінде - әкімшілік тәжірибе бөлімдеріне (бөлімшелеріне, топтарына) жүктеледі, олардың қызметкерлері әкімшілік практика жағдайына, әкімшілік жаза қолдану практикасына, әкімшілік практиканың бағыттылығына талдау жасайды, әкімшілік бұзушылықтар жасауға салдар болатын себептер мен жағдайларды анықтайды, әкімшілік тәжірибе бойынша шолулар, есеп берулер мен ақпараттар әзірлейді.

129. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерінде істердің бірыңғай номенклатурасы жүргізіледі.

130. Бланктердің, журналдардың және істердің барлық қарастырылған деректемелері өздерінің арналуына дәл сәйкестікте толтырылуы тиіс.

131. Журналдың парақтары нөмірленуі, тігілуі және оларға мөр басылуы тиіс. Істердің барлық номенклатурасы ішкі істер органының хатшылығында (кеңсесінде) тіркелуі тиіс.

132. Осы әкімшілік іске қатысы бар құжаттар, мәліметтер, ақпараттар, сұрау салулар, хабарламалар, жауаптар, шағымдар, наразылықтар, қорытындылар және басқа да материалдар істің материалдарына қоса тігіледі және солармен бірге сақталады.

133. Әкімшілік істер, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері және материалдар сейфтерде (металл шкафтарда) сақталады.

Сейфтерде (металл шкафтарда) сенімді құлыптар болуы тиіс және олар мөрленуі керек, оның кілттері тек әкімшілік қызметпен айналысатын қызметкерлерде ғана болуы тиіс.

Ескерту: 133-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

134. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі бойынша айыппұл салу түріндегі жауапкершілік көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы қаралмаған және орындалмаған әкімшілік істер сейфтерге (металл шкафтарға) салынған алфавитті карточкалы жәшіктерде сақталады.

135. Ескерту немесе айыппұл салу түріндегі жауапкершілік көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы аяқталмаған әкімшілік істер (олар бойынша шығарылған қаулылар, орындалған істер) томдарға тігіледі, тігілген парақтар нөмірленеді, соңғы парақта нөмірлеуді растайтын қол қойылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер томдарының тізімдемесі болуы тиіс. Тізімдемеде мынадай мәліметтер: құқық бұзушының тегі, аты-жөні, хаттаманың нөмірі, Кодекстің бабы, әкімшілік жазаның түрі және салынған айыппұлдың сомасы, беттердің нөмірлері болуы керек. Тізімдеменің соңында сомада салынған айыппұлдың саны, салынған ескертулердің саны көрсетіледі. Әкімшілік істердің томдары қоғамдық қауіпсіздік бөлімдерінің (бөлімшелерінің) ЖП-ның әкімшілік тәжірибе топтарының, бөлімшелерінің, бөлімдерінің мұрағаттық үй-жайларында (шкафтарында) сақталады. Әкімшілік істі алу қажеттігі туындаған жағдайда томдар шешіліп, істер алынады, ал оның орнына істің одан әрі қозғалысы туралы анықтама тігіледі.

Ескерту: 135-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

136. Әкімшілік істер жаза қолдану туралы қаулы орындалғаннан кейінгі екі жыл ішінде сақталуы тиіс. Сақтау мерзімі өткен хаттамалардың түбіршектері, әкімшілік хаттамалар мен әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың бүлінген бланктері, әкімшілік істер әкімшілік тәжірибені тексеру кезінде комиссиялы түрде жойылады.

137. Жою ішкі істер органдарының бөлімшелерінде сақталатын тиісті актілер бойынша ресімделеді.

138. Ішкі істер органдарының бөлімшелерін қатаң есептегі бланктердің қажетті санымен, журналдармен, істермен қамтамасыз ету Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-ге жүктеледі.

10-1. Құқық бұзушылық болған жерде айыппұл өндіру туралы квитанцияларды қабылдау, есепке алу, сақтау және шығындау тәртібі туралы

Ескерту: 10-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 777 бұйрығымен .

138-1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл салу туралы квитанциялардың (бұдан әрі - квитанциялардың бланктері) бланктерін әзірлеу облыстардың, Астана, Алматы қалаларының шегінде бірдей нөмірмен орталықтандырылып жүзеге асырылады. Квитанция бланктерінің сериялары осы аймақтың литеріне сәйкес келуі тиіс, квитанцияның бланктері қолдан жасаудан қорғау дәрежесімен жаракталуы және бекітілген үлгіге сәйкес келуі тиіс (8-қ о с ы м ш а) .

Ескерту: 138-1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-2. Квитанцияның бланктерін әзірлеу Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

138-3. Құқық бұзушылық болған жерде айыппұл салу туралы квитанциялардың бланкісі қатаң қаржылық есептегі бланктер болып табылады, оларды сақтау ішкі істер органдары бөлімшелерінің кассаларындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту: 138-3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-4. Квитанция бланктерін есепке алу, сақтау, шығындау жағдайына жауапкершілік Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің, қалалық ішкі істер органдарының қаржылық қызметтеріне және ішкі істер органдарының бірінші басшыларының бұйрығымен тағайындалған квитанцияның бланктерін есепке алуды, сақтауды, шығындауды тікелей жүзеге асыратын материалдық-жауапты адамдарға жүктеледі.

138-5. Квитанцияның бланктерін әзірлегені және жеткізгені үшін Жеткізушімен есеп айырысу операциялары Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің Қаржымен қамтамасыз ету басқармаларында келесі тәртіппен жүзеге асырылады: Тапсырыс беруші Жеткізушінің есебін төлеу кезінде 178 қосалқы шотты дебеттейді 090 немесе 100 қосалқы шотты несиелейді . Жеткізушіден алған жөнелтпе құжаттың немесе қабылдау актілерінің негізінде Тапсырыс беруші тиісті комиссиямен квитанция бланктеріне 200 қосалқы шот дебетіне және 178 қосалқы шот несиесіне жазба жазады. Осылармен бір уақытта

04 "Қатаң есептегі бланктер" деген баланстағы қосалқы шот бойынша жазба жүргізіледі. Комиссиялар қабылдаған квитанцияның бланктері орган басшысының бұйрығымен тағайындалатын ПББ-ПБ-нің қаржылық қызметтерінің жауапты адамдарына есеп беру кезінде жөнелтпе құжат арқылы беріледі.

138-6. Ішкі істер органының (Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің) жетекшісі бұйрықпен жеткізушіден (даярлаушы-кәсіпорын) квитанцияның бланктерін қабылдауды, сондай-ақ оларды есептен шығаруды және жоюды жүзеге асыратын ұдайы жұмыс істейтін комиссияны тағайындайды. Комиссия құрамында міндетті түрде қаржы қызметтерінің қызметкерлері, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД қызметтерінің материалдық жауапты адамдары және Жеткізушінің өкілі (келісім бойынша) болады. Квитанция бланктерін жоғалтпау, бүлдірмеу үшін олар буып-түю арқылы жабдықталуы керек. Буып-түйілген бланктік өнімдерді рұқсатсыз ашуға жол бермеу үшін олар мөрленген болуы керек.

138-7. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-ге Жеткізушіден квитанцияның бланктерін қабылдауды оларды алған күні комиссия жүзеге асырады, осы ретте орамның тұтастығы мен жай-күйі (мөрдің басылғандығы) қаралады. Орамды ашқан кезде квитанция бланктерінің саны, сериясы, литері мен нөмірі тексеріледі, олардың ілеспе құжатта көрсетілген деректермен сәйкестігі салыстырылады. Квитанциялар бланктерінің кемшіліктері, артықтары немесе бүлінгендері анықталған кезде жетіспейтін, артық немесе бүлінген квитанция бланктерінің саны көрсетіліп, тиісінше акт толтырылады. Ресімделген актілер Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің Қаржымен қамтамасыз ету басқармасына және Жеткізушіге жіберіледі, артық квитанцияның бланктерін Алушы белгіленген тәртіпте қабылдайды.

138-8. Бланктерді қабылдау, қабылдау актісі арқылы екі данада ресімделеді: біріншісі бланктерді алған Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің қаржы қызметінің материалдық жауапты адамдарының істерінде сақталады, екіншісі - бланктерді жеткізушіге беріледі.

138-9. Квитанция бланктерін талдап есепке алу қатаң қаржылық есептегі бланктерді есепке алу бойынша белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Квитанция бланктерін қабылдағандығы туралы жазба жүргізуге жөнелтпе құжаттар мен оларды қабылдау актілері негіз болып табылады. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД басшылығы бекіткен қалалық ПБ-нің өтініштері бойынша қаржы қызметтерінің материалдық жауапты адамы Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) қызметтерінің қызметкерлеріне квитанцияның бланктерін жіберу үшін жөнелтпе құжатты үш данада ресімдейді. Оның біреуін өзіне қалдырады, келесісін материалдық есепке қосады, ал үшіншісін Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі

ПД-нің (қалалық ПО) материалдық жауапты адамына - квитанция бланктерін алушыға береді. Осы құжаттардың негізінде қаржы қызметінің материалдық жауапты есеп берушісінің есебіндегі қатаң есептегі бланктерді есептен шығару жүргізіледі және тиісті қызметтің материалдық жауапты адамына есепке қойылады. Квитанциялардың қалған шығындалмаған бланктері әр айдың басында, сондай-ақ тексеріс кезінде шығарылады.

138-10. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) қызметтерінің материалдық жауапты адамдары алған квитанцияның бланктері жөнелтпе құжат негізінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл салу туралы квитанциялар бланктерінің кіріс-шығыс кітабына (9-қосымша) тіркеледі. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) қызметтерінің құқық бұзушылық болған жерде айыппұл салуға уәкілетті қызметкерлеріне квитанцияның бланктері осы кітапқа қол қойылып беріледі. Квитанциялардың қалған шығындалмаған бланктері әр айдың басына, сондай-ақ тексеріс кезінде кітапқа шығарылады.

Ескерту: 138-10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-11. Уәкілетті ішкі істер органдарының қызметкерлері берген әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл салу туралы квитанциялардың бланкілерін есепке алуды айыппұл салу туралы квитанцияларды есепке алу кітабында (10-қосымша) реттік нөмірімен тіркей отырып, материалдық жауапты адам жүзеге асырады. Ішкі істер органдарының қызметкерлері (Кодекстің 639-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл салуды жүзеге асыратын лауазымды адамдар) күн сайын, әкімшілік материалдарды тапсыру кезінде квитанциялардың түбіршектерін (8-қосымша) материалдық жауапты адамдарға осы кітапқа қол қойып тапсырады. Есептеуді оңайлату үшін есепке алу кітабының әр парағының төменгі жағына қолданылған квитанция бланктерінің салынған айыппұл сомасы көрсетіліп, жиынтық саны шығарылады.

Ескерту: 138-11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

1 3 8 - 1 2 - 1 3 8 - 1 3 . < * >

Ескерту: 138-12-138-13-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-14. Қызметтердің материалдық жауапты адамдары алынған квитанциялар түбіршектеріне екі данада реестр құрастырады (11-қосымша), оларда нөмірі, сериясы, айыппұл салынған азаматтардың тегі, аты, әкесінің аты, Кодекстің бабы және салынған айыппұл сомасы көрсетіледі. Реестрдің бір данасы квитанциялардың бірінші түбіршектерімен бірге жинақ реестріне (12-қосымша) қосылады және Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі

ПД-нің қаржы қызметтеріне ұсынылады. Квитанцияның екінші түбіршектері оларды тіркегеннен және ішкі істер органдары бөлімшелерінің әкімшілік қызметін есепке алу және бақылау функцияларын жүзеге асыратын қызметтерінің лауазымды адамдары ресімдегеннен кейін реестрдің екінші данасымен бірге ревизия жүргізілгеннен кейін материалдық жауапты адам жеке номенклатуралық іске тігеді, олар кемінде үш жыл сақталады.

Ескерту: 138-14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-15. Қалалық және аудандық ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ҚАПО) материалдық жауапты адамдары ай сайын квитанциялар бланктерінің кіріс-шығысын есепке алу кітабының негізінде ҚАПО қызметтерінің реестрлерін, жинақтық реестрлерін, бүлінген квитанциялар бланктеріне қоса квитанциялар бланктерінің қолданысы туралы материалдық есепті келесі есеп беру айының үшіннен кешіктірмей, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД қаржы қызметтерінің материалдық жауапты адамдарына ұсынады. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің қаржы қызметі материалдық жауапты адамнан квитанциялар бланктері бойынша есепті алғаннан кейін осы бланктерді баланстағы есептен шығарады.

Ескерту: 138-15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-16. Ұқыпсыз сақтау және толтыру кезінде бүлінген квитанциялар бланктерін кемінде айына бір рет Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің комиссиялары акті бойынша есептен шығарып, жояды. Комиссия жоюға жатқызылған әрбір бланкіні есепке алу журналындағы жазбамен оның сериясын және нөмірін салыстыра тексереді. Квитанциялар бланктерін жою және есептен шығару туралы актілерін Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) басшылығы бекітеді, кемінде 5 жыл сақталатын жеке номенклатуралық істер жасалады.

138-17. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) қаржы қызметтерінің материалдық жауапты адамдары Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) қызметтері мен бөлімшелерінен келіп түскен жинақтық реестрлерді тіркеу кітабындағы жинақтық реестрлерді (13-қосымша) тіркейді, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД мерзімі соңғы тексеру жүргізілгеннен кейін кемінде 3 жыл сақталатын жеке номенклатуралық істерге тігеді, есеп жасайды.

138-18. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) кеңсесінде барлық есепке алу кітаптарының беттері нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген болуы керек. Журналдың соңғы бетінде Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО)

бастығының қолымен: "Осы кітапта ___ бет нөмірленді, тігілді және мөрмен бекітілді" деп көрсетіледі. Жазба сиямен немесе шарикті қаламсаппен жазылады. Кеткен қателіктердің дұрыс жазылмаған жерін сызу қателікті дұрыстаған адамның қолымен ескертпелер бағанында жазу арқылы дұрысталады.

138-19. Құрамы Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) бұйрықтарымен бекітілетін арнайы тексерістер жүргізетін комиссиялар тоқсан сайын тексерістер жүргізеді. Арнайы комиссия:

тексеріс кезінде ресімделген істер мен материалдардағы қажетті құжаттардың
б а р б о л у ы н ;

квитанциялар бланктерінің уақытында және толық кіріске енуін, оларды шығындау және жою тәртібін қадағалауды, бланктердің нақты санының деректерді есепке алумен сәйкес келуін, есепке алу журналдарын жүргізуді, бланктерді сақтау жағдайын.

Ескерту: 138-19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

138-20. Тексерістер нәтижелері тексеріс кезеңінде міндетті түрде квитанциялар бланктерінің қолданысы, сондай-ақ 138-19-тармақта көрсетілген мәселелерді тексерудің нәтижесі актімен ресімделеді. Актіде көрсетілген кемшіліктер мен заң бұзушылықтар, сондай-ақ қарсылық болған жағдайда Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД (қалалық ПО) қызметтерінің бастықтары актіге қоса жазбаша түрде түсініктеме береді. Арнайы тексеру комиссиясы анықтаған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар береді. Акт үш данада жасалады, біреуі Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің (қалалық ПО) қызметінде, екіншісі - Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің (қалалық ПО) қаржы қызметінде қалады, үшіншісі Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің (қалалық ПО) қызметтеріне бағыныстылығы бойынша беріледі.

11. Жол полициясының бөлімшелерінде іс жүргізудің ерекшеліктері

139. Толтырылған хаттамалар, тоқтатқан жерде айыппұл өндіру туралы квитанциялардың түбіршектері және басқа да құжаттар ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік істер болып табылады және ЖҚЕ-ны бұзу туралы басқа материалдармен (рапорттар, баяндау хаттар, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері және т.б.) бірге ауысым (наряд) аяқталғаннан кейін жол полициясының қозғалысты қадағалауды ұйымдастыруға жауапты лауазымды адамына не хаттамалар толтырудың дұрыстығы және негізділігін, құжаттарды, нөмірлік белгілерді және көлік құралдарын алып қоюдың заңдылығын тексеретін және кемшіліктер мен заң бұзушылықтарды жою шараларын қабылдайтын ЖП

бөлімшелерінің басшыларына (командирлеріне) беріледі.

ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік істер мен материалдар тексерілгеннен кейін істі тексерген адамның "Тексердім. Ескертулер жоқ." деген қолымен расталған белгімен жол полициясының қызметкерлеріне оларды тіркеуге жіберу үшін қ а й т а р ы л а д ы .

Ескерту: 139-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 бұйрығымен , 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .

140. ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік істер мен материалдар кезекші тәуліктер ішінде (ауысым, наряд аяқталғаннан кейін) хаттама түбіршегіне немесе хаттамалар қозғалысы журналына қол қою арқылы ЖП бөлімшесінің кезекші бөліміндегі ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік істер мен материалдарды тіркеуге жауапты адамға беріледі. Жол полициясының кезекші бөлімдері жоқ бөлімшелерде әкімшілік істерді қабылдау және тіркеу аумақтық ПО кезекші бөлімдерінің қызметкерлеріне немесе жол полициясының басқа қызметкерлеріне жүктелуі мүмкін (ПО бастығының бұйрығымен).

141. Ұсталған көлік құралдарын тіркеу және есепке алу үшін журнал (7 қ о с ы м ш а) жү р г і з і л е д і .

Е с к е р т у :

1) ұсталған көлік құралдарын есепке алу журналында тұраққа қойылған жеріне карамастан жол полициясының қызметкерлері ұстаған барлық көлік құралдары және басқа қызметтердің қызметкерлері тұраққа қойған көлік құралдары тіркеледі. Ұсталған автотокөлік құралдарын тұрақтан беру кезінде автотокөліктің заңды иесіне (пайдаланушысына) қол қою арқылы берілетін рұқсат қағаздың арнайы бланкі толтырылады.

2) материалдарды компьютерлік тіркеуге енгізу кезінде бланктерді тексеруді, олардың бар-жоғын және дұрыс пайдаланылуын компьютер арқылы жүзеге асыруға болады.

141-1. Алып қойылған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тіркеу және есепке алу үшін журнал (28-қосымша) жүргізіледі.

Ескерту: 141-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

142. ЖҚЕ-ны бұзу туралы материалдарды есепке алу журналын және ұсталған көлік құралдарын есепке алу журналдарын жол полициясы бөлімшелерінің кезекші бөлімдері, әкімшілік тәжірибе бөлімдері (бөлімшелері, топтары) немесе осы міндеттер жүктелген қызметкерлер жүргізеді. ЖҚЕ-ны бұзу туралы материалдарды, ұсталған көлік құралдарын уақытында тіркелуді қамтамасыз ету үшін көрсетілген журналдар кешкі және түнгі уақытта тіркеу үшін қалалық, аудандық ПО жіберіледі (ПО бастығының бұйрығымен).

143. Басқа ішкі істер органдарынан (ЖП бөлімшелерінен) келіп түскен ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік істер мен басқа да материалдар жеке журналда тіркеледі, оны әкімшілік тәжірибе бөлімі (бөлімшесі, тобы) немесе осы міндеттер жүктелген қызметкер жүргізеді.

144. Іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында нақ сол жерлерде соттармен бірлесе отырып, істің қаралатын күнін, уақытын және орнын анықтау қажет. Егер судьяның, органның (лауазымды адамның) шешімі бойынша қаралатын күні кейінгі мерзімге ауыстырылса, осы шешімді қабылдаған адам оған қатысты іс жүргізу жүргізілетін адамға хабар беріп, хаттамаға істі қараудың жаңа күні мен уақыты туралы белгі қояды.

145. Басқа аймақтарда тұратын адамдарға қатысты толтырылған ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік материалдарды бір тәулік ішінде жол полициясының немесе ПО-ның хатшылығы (кеңсесі) арқылы тұрғылықты жеріне немесе көлік есепке алынған жердегі аудандық соттың төрағасына ілеспе хатпен бірге жіберіледі.

146. Кодекстің 541-бабына сәйкес соттардың ведомстволық бағыныстылығына жатқызылған әкімшілік істер бойынша олар әкімшілік тәжірибе бөліміне (бөлімшесіне, тобына) не осы міндеттер жүктелген адамға келіп түскеннен кейін алфавиттік журналда тіркеледі, бұл ретте, көлікті мас күйінде жүргізгені үшін ұсталған адамдарға қатысты әкімшілік істер жеке алфавиттік журналда тіркеледі. Сотқа жіберілген әкімшілік істер бойынша алфавиттік журналдың 11-бағанында "сотқа жіберілді" деген жазба жасалады. Сотқа жіберілген әкімшілік істерді соттар орындайды және сақтайды.

147. Әкімшілік тәжірибе бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) бастығы не осы міндеттер жүктелген қызметкер әкімшілік тәжірибе мәселелері бойынша төменгі тұрған ЖП бөлімшелерінің (әкімшілік тәжірибе бөлімшесі, тобы) қызметін бақылауды жүзеге асырады.

148. Әкімшілік тәжірибе бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) бастығы не осы міндеттер жүктелген қызметкер ЖП-ның бөлімшесі қызмет көрсететін аумақтағы әкімшілік тәжірибе жағдайына, ЖҚЕ-ны бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолдану тәжірибесіне, әкімшілік тәжірибенің бағыттылығына талдау жасайды, ЖҚЕ-ны бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтайды және әкімшілік тәжірибе жөніндегі шолулар, есеп берулер мен ақпараттар әзірлейді.

12. Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері

149. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына кіруінің, шығуының және олардың қозғалысының

тәртібі және олар жасаған құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерімен айқындалады.

150. Ішкі істер органдарының шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру, болу, сондай-ақ көлік құралдарының қозғалысы тәртібіне бақылау жасау жөніндегі функциялары Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кету тәртіптерін қолдану және шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз көші-қонының алдын алу және жолын кесу жөніндегі ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 215, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 08-1/93 және Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 35-п", нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеу реестрінде N 2889 болып тіркелген бірлескен бұйрығында жазылған.

Ескерту: 150-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

151. Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар жалпы негізде әкімшілік жауапқа тартылады.

Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдері мен иммунитеті бар өзге де шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілік туралы мәселе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

152. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында сот тәртібінде әкімшілік жауапкершілік иммунитетін Кодекстің 692-бабында белгіленген адамдар пайдаланады.

153. Республика аумағында тұрақты тұратын, Республикадан тысқары жерде басқа мемлекет аумағында қолданыста болатын қозғалысының ережелерін бұзған Қазақстан Республикасының азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

154. ЖҚЕ-ны бұзғаны үшін басқа мемлекеттің лауазымды адамы (органы) шығарған қаулы, әкімшілік заңнаманы қолдану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарты бар мемлекеттің лауазымды адамы (органы) қаулы шығарғаннан басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағында орындалуға жатпайды.

Қазақстан Республикасының құқығы бар лауазымды адамына (органына) басқа мемлекеттен Қазақстан Республикасының халықаралық шарты бар мемлекеттерді қоспағанда ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік іс келіп түскен кезде іс бойынша іс жүргізу жүргізілмейді, қаулы орындалмайды, алып қойылған құжаттар иесіне қайтарылады. Халықаралық шарт жасалғандармен ЖҚЕ-ны бұзу туралы әкімшілік істер бойынша іс жүргізудің тәртібі 1997 жылғы 28 наурыздағы Конвенцияға сәйкес жүзеге асырылады.

155. Халықаралық шарт жасалмаған елдермен осы Нұсқаулықтың 175-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама толтыру кезінде уәкілетті лауазымды адам іс қаралатын жерге келуді ол жасалған жерде тағайындайды. Әкімшілік жазалау туралы қаулы орындалмаған жағдайда әкімшілік іс қаулы орындалғанға дейін қаулыны шығарған жол полициясы бөлімшесінде, ішкі істер органында (лауазымды адамда) болады. Істі қарау және әкімшілік жазалау шаралары соттарға жүктелген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істі қарауға келу жасалған жері бойынша тағайындалады.

156. Иммунитеті бар шетел азаматтары жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдар облыстардағы, Астана қаласының Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД арқылы одан әрі Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің Хаттамалық бөліміне, Ішкіісминіне жіберіледі, ал ЖҚЕ-ны бұзу туралы материалдар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне жіберіледі, ол туралы шетелдік азаматқа құқық бұзушылық жасаған жерінде ескертіледі.

Ескерту: 156-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

157. Иммунитеті жоқ шетелдік азаматтардың ЖҚЕ-ны бұзғаны туралы әкімшілік істер жасалған жерінде жалпы негізде қарастырылады.

157-1. Қазақстан Республикасының заңнамасында жүргізу құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген құқық бұзушылық жасағаны үшін сақтандыруды қолданбайтын шетел азаматтарынан жүргізуші куәліктері алынады және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске тігіледі.

Ескерту: 157-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен .

158. Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырған шетелдік азаматтардың жүргізуші куәліктері қаулы көшірмесімен бірге облыстардағы, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің ЖП басқармалары арқылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің Хаттамалық бөліміне беру үшін жіберіледі. Көрсетілген

шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылған шетелдік азаматтар тізіміне енгізіледі. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті көрсетілген тізімдерді тоқсан сайын жасайды және Қазақстан Республикасы аумақтық жол полициясының бөлімшелеріне таратады.

Ескерту: 158-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

159. ЖҚЕ-ны бұзғаны үшін салынған айыппұлды өтеу мүмкіндігі болмаған жағдайда және орын алған жол-көлік оқиғасының нәтижесінде келтірілген зиян өтелмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасынан шығуы олар көрсетілген міндеттемелерді орындағанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін (Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығы).

13. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге бақылау жасау

160. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі нормаларының дұрыс қолданылуын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін ықпал ету шараларын қолдану кезінде заңдылықтың бақылауды және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді ішкі істер органының басшысы, қадағалауды жүзеге асыруда жоғары тұрған ішкі істер органдарының лауазымды адамдары жүзеге асырады.

161. Бақылаудың негізгі мақсаттары:

1) ішкі істер органдарының бөлімшелерінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі заңнаманың дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету;

2) әкімшілік заңнаманы қолдану кезінде азаматтардың, лауазымды адамдардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру ;

3) азаматтарға әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізумен байланысты кез-келген кесімге шағымдану құқығын қамтамасыз ету;

4) ішкі істер органдарының әкімшілік заңнаманы қолдану кезінде заңдылықты бұзуда кінәлі лауазымды адамдарына шаралар қолдану.

162. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі департаменттерінің бастықтары, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД-нің бастықтары кемінде жылына бір рет ішкі істер органдарының төменгі бөлімшелерінде әкімшілік қызмет мәселелері бойынша құқық қолдану қызметін кешенді тексеруді ұйымдастырады.

Ескерту: 162-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы N 1 бұйрығымен .

163. Кешенді тексеруге ішкі істер органдарының жоғары тұрған бөлімшелерінің қолдарында тексеру жүргізуге құқық беретін құжаты бар лауазымды адамдары жіберіледі. Тексерудің басталуы туралы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары бөлімшелерінің бастықтары және ішкі істер органының басшылығы хабарландырылады.

164. Кешенді тексеру барысында:

1) ішкі істер органдарының бөлімшелері қызметкерлерінің әкімшілік заңнаманы, осы Тәртіпті және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің әкімшілік заңнаманы қолданудың тәртібі туралы басқа да нормативтік кесімдерін білудегейі ;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің жағдайы мен тәртібі, оның Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің талаптарына сәйкес болуы;

3) әкімшілік істер бойынша шешімдердің заңдылығы мен негізділігі;

4) әкімшілік тәжірибенің бағыттылығы және тиімділігі;

5) шағымдар мен наразылықтарды қараудың дұрыстығы және уақыттылығы;

6) шығарылған қаулыларды орындаудың тәртібі және толықтығы;

7) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары мен ішкі істер органы басшылығының тарапынан әкімшілік қызметке бақылау жасаудың ұйымдастырылуы ;

8) Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ПД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары басшылығының жанында әкімшілік қызмет жағдайын қарау жөніндегі жедел кеңестер өткізу тәжірибесі, олардың жиілігі, қабылданған басқару шешімдерінің өзектілігі, олардың соңғы нәтижелерге ықпалы ;

9) салынған айыппұлдың өндірілуіне бақылау жасауды ұйымдастыру зерделенеді.

165. Тексеру нәтижелері бойынша анықтама жазылады, оған тексеру жүргізген лауазымды адам және әкімшілік полициясы бөлімшесінің басшысы қол қояды. Ішкі істер органының бастығы анықтамамен қолын қою арқылы танысады. Анықтама тексеруді тағайындаған лауазымды адамға баяндалады, ол анықталған құқық бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюға, бөлімшенің әкімшілік қызметін жақсартуға және заңдылықты нығайтуға бағытталған шаралар қабылдайды.

14. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу процесіндегі прокурорлық қадағалау

166. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу процесінде заңдардың дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын жоғары тұрғыдан қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тікелей өзі және өзіне бағынышты прокурорлар арқылы жүзеге асырады.

167. Өз өкілеттігін іске асыру мақсатында прокурор әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысуға құқылы. Бұл ретте, прокурор айғақтарды ұсынады және оларды зерттеуге қатысады; істі қараушы органға (лауазымды адамға) оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша, сондай-ақ істі қарастыру процесінде туындаған басқа да мәселелер бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның кінәлілігі туралы өз пікірін баяндайды; істі қараушы органға (лауазымды адамға) заңның ережелерін қолдану және әкімшілік жазалау не одан босату туралы ұсынысын айтады.

168. Прокурорға кәмелетке толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралатын орны мен уақыты туралы, сондай-ақ әкімшілік қамауға әкеліп соғатын құқық бұзушылықтар туралы хабарланады. Ол болмағанда мұндай іс прокурорға істің қаралатын орны мен уақыты туралы уақытында хабарланғандығы туралы деректер болғанда және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш келіп түспеген жағдайда ғана қаралуы мүмкін.

169. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді тексерулердің нәтижелеріне орай прокурор:

1) сотқа, өзге де өкілетті органға немесе оның лауазымды адамына әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға наразылық білдіруге;

2) қосымша тексеру жүргізу туралы уәкілетті лауазымды адамдарға және органдарға (соттан басқа) жазбаша нұсқаулар беруге;

3) уәкілетті органдардан олардың бақылауындағы және ведомстволық бағынысындағы ұйымдарда тексеру жүргізуді талап етуге;

4) заңмен белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтатуға;

5) әкімшілік жазалау туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруға;

6) әкімшілік ұстауға заңсыз тартылған адамды босату туралы қаулы шығаруға;

7) жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда өз міндеттерін атқаруға байланысты өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары салған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы кез келген шараларды алып тастау туралы қаулы немесе талап шығаруға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығаруға.

170. Прокурордың бірінші бөліктің 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген кесімдері дереу орындауға жатады. Прокурордың көрсетілген кесімдерінің орындалуын кешіктіруде кінәлі болған лауазымды адамдар заңмен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 20 маусымдағы N 486 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер органдарының қызметінде қолдану жөніндегі Нұсқаулыққа

1 қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 536 бұйрығымен, 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен.

О қ и ғ а н ы ң с х е м а с ы

(схемада оқиға болғаннан кейін көлік құралдарының орналасуын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін нақты мәліметтер көрсетіледі)
(оларды стационарлық объектілерге қатысты белгілеу жүргізіледі)

Оқиға схемасымен және хаттамада баяндалған мән-жайлармен келісеміз
1. Жүргізуші _____
(қолы)

Куәгерлер

1. _____
(тегі, аты, әкесінің аты,

тұрғылықты жері, қызметтік немесе _____
үйінің телефоны, қолы)

2. Жүргізуші _____
(қолы) 200__ ж. "___" _____

Схема құрушының қолы _____

келесі бет

Оқиға болған жерді қарау хаттамасы <*>

Ескерту: Хаттама алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2006 жылғы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік
құқық бұзушылық туралы кодексін ішкі істер
органдарының қызметінде қолдану жөніндегі

Нұсқаулыққа 1-1-қосымша

*Ескерту: 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің
2006 жылғы 5 сәуірдегі N 155 бұйрығымен .*

Оқиға болған жерді қарау

ХАТТАМАСЫ

_____ сағат. _____ минутта қарау басталды және _____ сағат. _____ минутта
а я қ т а л д ы

1. Оқиға болған жер _____
2. Оқиғаның болған уақыты 200__ " __ " _____ сағат __ минут
3. Ауа-райы (ашық, жаңбыр, тұман, қар және т.б.) _____
4. Көрінуі (метр) _____
5. Жолды жарықтандыру (күндізгі, жасанды, жарықтандырылмаған)

6. Жарықтандыру: 1-көлік (бағытшамдары, бағытшамшалары жанып тұрды,
жанбай тұрды) _____ 2-көлік _____

7. О р н ы н а н к ө р і н у і ;

- _____ маркалы а/м көлік жүргізушісі азамат _____, бағдаршам
жарығы __ м., өшірілген, жақын қашықтықты көрсететін бағдаршам
жарығы __ м., қосылған, алыс қашықтықты көрсететін бағдаршам жарығы
___ м., күндізгі жарық ___ м., қосылған;

- _____ маркалы а/м көлік жүргізушісі азамат _____, бағдаршам
жарығы __ м., өшірілген, жақын қашықтықты көрсететін бағдаршам
жарығы __ м., қосылған, алыс қашықтықты көрсететін бағдаршам жарығы
___ м., күндізгі жарық ___ м., қосылған.

8. Жолдың ұзына бойына профилі (еңіс, өр) _____

9. Орнынан (шолу) көрінуі; жолдың ось сызығынан _____ маркалы а/м көлік
жүргізушісі азамат _____; оңға _____; солға _____; _____ маркалы а/м көлік
жүргізушісі азамат _____; оңға _____; солға _____;

10. Жол (асфальт, бетон, т.б.) _____ төселген;

11. Жол төселімінің жағдайы (күрғақ, ылғалды, тайғақ) _____;

12. Жол төселімінің ақаулары (шұңқырлар, қазылған) _____;

13. Оқиға болар алдындағы көлік қозғалысының жылдамдығы _____;

14. А/м-ның сынған және жоғалған бөлшектерінің бары _____;

15. Көлік құралдары (бұдан әрі - КҚ) туралы мәліметтер:

Нөмірлік белгі	КҚ-ның маркасы және моделі	Көлік жабдығы	КҚ тұрағының мекен-жайы және қай ауданда есепте тұр

Ескерту: 1-12-тармақшаларда көрсетілген мәліметтер оқиға болған сәтке жатқызылады.

16. Көлік құралдарының жүргізушілері туралы мәліметтер:

КҚ-ның нөмірлік белгісі	Т.А.Ә., туған жылы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, жұмыс орны, лауазымы, қызмет және үй телефондарының NN	Жүргізуші куәлігінің нөмірі, кім және қашан берілді	Жүргізушінің жағдайы

17. Оқиға болған кездегі жәбірленушілер туралы мәліметтер:

Т.Ф.Ә	Жасы	Жұмыс орны және лауазымы	Тұрғылықты мекен-жайы	Қандай емдеу мекемесінде және диагнозы

18. Оқиғаның куәгерлері:

Т.А.Ә	Тұрғылықты жерінің мекен-жайы, қызмет және үй телефондарының нөмірі

19. Оқиға нәтижесінде зақым келгені:

А/м-ның маркасы, нөмірлік белгісі	Сыртқы зақымдар

20. _____ маркалы 1-КҚ-н рульмен басқару жағдайы _____ (градустағы рульдің _____);

люфті, люфт қандай түрде өлшенгені, ұзына бойы және көлденең тартқыштың жағдайы, колонкалары және олардың бекітілуі,

_____ маркалы 2-КҚ-ның _____ руль доңғалағының еркін немесе ауыр айналуы және т.б. көрсетілсін)

21. _____ маркалы 1-КҚ тежеуіш жүйесінің, басу тежеуішінің жағдайы: _____

(еркін жүру басқышының көлемі, тежеуіш жұмысының

тепе-теңдігі, сағатына 30 км жылдамдықта тежеуіштің метрмен

немесе автомашинаның ақырын келіп тоқтаған кездегі
_____ маркалы 2-КҚ-ның _____
сұйықтықтың ағуы немесе ауаның шығуы, прицептегі тежеуіштің жұмыс

істеуі және т.б.)

_____ маркалы 1-КҚ _____

_____ маркалы 2-КҚ қол тежеуішінің _____

22. _____ маркалы 1-КҚ-ның жарықтандыру және сигнал құралдарының жағдайы: _____

_____ маркалы 2-КҚ-ның _____

23. _____ маркалы 1-КҚ-ның алдыңғы терезесінің жағдайы, терезе тазалағыштың жұмыс істеуі, артқы айнаның болуы, _____ маркалы 2-КҚ-ның _____;

24. _____ маркалы 1-КҚ шиналарының жағдайы _____
(шиналардың көлемі, протектордың

суреті (жай, құрастырмалы, маркалы 2-КҚ-ның

өтімділігінің жоғарылығы), протектор суретінің ескіргені, оларға зақымдарының бары және т.б.)

(лауазымды адамның Т.А.Ә. лауазымы, атағы) (қолы)

Оқиға болған жерді қарау хаттамасымен келісемін:

1. Жүргізуші _____ (_____) 2. Жүргізуші _____ (_____)
Т.А.Ә. (қолы) Т.А.Ә. (қолы)

1. Куәгер _____ (_____) 2. Куәгер _____ (_____)
Т.А.Ә. (қолы) Т.А.Ә. (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ішкі іс министрінің

2001 жылғы 20 маусымында
N 486 бұйрығымен бекітілген
Нұсқаулыққа

2 қосымша

І ш к і і с т е р
о р г а н ы н ы ң
б ұ р ы ш т а м а

мөртаңбасы

Анықтама

_____ азаматқа
(Т . А . Ә .)
200_ ж. " ___ " _____ сағ. _____ мин. _____

_____ (нақты орны көрсетіледі)
жол-көлік оқиғасының нәтижесінде _____ маркалы, _____ нөмірлік белгісі
қозғағышы _____, кузовы (рамасы) _____
автомобильдің (мотоциклдің) механикалық зақымдану алғаны туралы

_____ (сыртқы тексеру арқылы анықталған зақымданулардың сипаттамасы және
_____ берілді.

_____ олардың орналасқан орны)
Басқа да ЖКО-ға қатысушылар туралы мәліметтер:

_____ (Т.А.Ә., тұрғылықты жері мен жұмыс орнының нақты мекен жайы)

